

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пән: Травматология

Пән коды: Trav 4303

ББ атауы: 6В10101 –«Жалпы медицина»

Оқу сағат көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Курс және семестр: 4-курс 7 семестр

Дәріс көлемі: 15 сағат (12 дәріс)

Шымкент 2023

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Травматология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленді және кафедра отырысында талқыланды.

№2 хаттама
«01» 09 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д., профессор м.а.  Абдурахманов Б.А.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 3 беті

Дәріс 1

1. Тақырып: Травматология және ортопедияға кіріспе. Травматология және ортопедия даму тарихы. Травматизм түрлері. ҚР да Травматологиялық көмекті ұйымдастыру. Травматизм. Реабилитация және протездеу.

2. Мақсаты: студенттерді травматология және ортопедия анықтамасы, міндеттері мен ҚР да травматологиялық көмекті ұйымдастыру, сынықтарды емдеудің қазіргі заманауи жетістіктеріне негізделген әдістерімен, сынық тарды емдеудегі қателіктер мен асқынулар, травмадан кейінгі науқастардың реабилитациясымен таныстыру.

3. Дәрістің тезісі: Ортопедия және травматология тірек қимыл аппаратының функциясының бұзылыстары мен деформациясы жайлы ғылым бөлімі болып табылады.

Ортопедия–грекше «түзу бала» деген мағынаны береді. Бұл терминді француз ғалымы Николя Андре 1741 жылы ұсынып, балалардағы деформациялар жайлы еңбегін солай атаған.

Ортопедия қамтиды:

- Жалпы ортопедия;
- Балалар ортопедиясы;
- Травматология;
- Сүйек буын туберкулезі;
- Протездеу;
- Травматология, ортопедия структурасын;
- Травматология-ортопедия институт орталығы (ЦИТО);
- Травматология-ортопедия институты;
- Протездеу институты;
- Травматология-ортопедия кафедрасы;
- Қайта қалпына келтіру хирургиясының институты;
- Госпиталдер;

Травматологиялық бөлімше.

1. Жарақат ауруы елімізде 3 орын алады ал 40 жасқа дейін екінші орында.

2. Көптеген зақымданулардың ауырлық дәрежесі мен жиілігінің тоқтаусыз өсуі (20% дейін барлық зақымданулардың) ауыр травмалардың негізгі себебі «көлік жарақаты» және транспорттан болатын жарақат. (Жыл сайын бүкіл дүние жүзінде автотранспорттан мыңдаған адам қаза болады және 600 мыңы зақым көреді).

3. Көптеген аралас травмамен 80%-ы емдеу ұйымдарына шок жағдайында келіп түседі. 2/3 ісі аса ауыр халде 1/3-і терминалді кезеңде. (дені сау адам мен жарақат алған адам және емдеуден кейін жағымсыз нәтиже берген науқастар жайлы слайд көрсетілімі). Хирургиялық профилден басқа дәрігерлердің госпиталді этапта көрсеткен көмектің емдеу нәтижесіне тіпті адам өміріне тікелей байланысты екенін атап өту. Проф. Илизаров, Блискунов әдістері, ультрадыбысты кесу және дәнекерлеу, эндопротездеу және т.б. Сонымен қоса сынықтарды емдеудің қанағаттандырыссыз нәтижелеріне назар аударту (слайдтар)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 4 беті

I принцип – сынықтарды жедел емдеуді талап етеді.

II – принцип – барлық манипуляциялар сонымен қатар сынық репозициясы ауру сезімін басу арқылы орындалуы

III – принцип – ығысқан сүйек бөліктерін қалпына келтіру.

IV – принцип – толық жазылғанға дейін сынықты фиксациялау.

V – принцип – сынықтарды функционалді емдеу.

VI – принцип – сүйек регенерациясын стимуляциялау.

(1-2 емдеу принциптеріне қысқа түсініктеме беріледі).

Сынық консолидациясы біріншілік сүйек мозолі қалыптасуы басқа аралық этаптарға қарағанда ауырсыну сезімі күштірек болатынын айқындау. Сынық бөліктерін орнына тура және сенімді қалыпқа келтірудің тәсілдері төмендегідей :

1. Консервативті – жабық репозиция және гипс таңғышымен фиксация; қаңқалық тарту.
2. Оперативті – ашық репозиция, остеосинтез. Илизаров, Калнберз, Ткаченко, ЦИТО сияқты сыртқы фиксация аппараттары көмегімен бекіту.

1. Бір мезеттік репозиция және гипстік таңғышқа көрсеткіштер – сүйек диафизінің көлденең сынығы, буыншілік сынықтар және сүйек шығуы.

2. Қаңқалық тартуға көрсеткіштер – қиғаш, спирал тәрізді, көп ұсақталған және полифокалді сынықтар.

3. Сынықтарды оперативті емдеуге көрсеткіштер – ашық сынықтар, нерв қан тамырлық орам зақымдануында, сынық фрагментінің тері беткейін тесіп шығу қаупі болған кезде.

4. Аппаратпен емдеуге көрсеткіштер – барлық сынық түрлері.

1. Госпиталға дейінгі этапта көмек көрсетудегі қателіктер:

- Сүйек сынуы және шығуының уақытылы диагностикаланбауы;
- Жарақат алған дене бөлігінің жеткілікті иммобилизацияланбауы;
- Қантамыр нерв орамы зақымдануын уақытылы анықтамау;
- Шокқа қарсы шараларды жүргізбеу;
- Зақымданушыларды тасымалдауда көп этаппен жүргізу.

2. Сынықтарды Орталық Аудандық Аурухана шарттарында хирургиялық бөлімшелерде емдеу кезінде қателіктер:

- Қантамыр нервтік орам зақымдануын уақытылы диагностикаламау;
 - Дұрыс емес емдеу тактикасын таңдау;
 - Жарақат алған дене бөлігін репозициясыз гипстеу;
 - Рентгенологиялық контролдің екі проекцияда болмауы сонымен қатар иммобилизациядан кейін ж/е Р-логиялық контролдің болмауы;
 - Дене бөлігінің гипс таңғышымен қысылуы;
 - Иммобилизацияның бұзылуы немесе уақытынан бұрын тоқтатылуы;
- Жоғарыда аталған жағдайлар ауыр іріңді асқинуларға, кешеуілдеген консолидацияға, жалған буынға алып келеді (толығырақ тәжірибелік сабақтарда талқылау).

1. Реабилитация анықтамасы.

Медицинада реабилитация ұғымы жарақаттан немесе басқа аурулар нәтижесінде туындаған анатомиялық және функционалдық бұзылыстарды қалпына келтіруге бағытталған іс шаралар жиынтығын білдіреді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 5 беті

Реабилитацияның негізгі бөлімдері:

Емдік реабилитация;
 Қоғамдық реабилитация;
 Мамандандырылған реабилитация.

3. Реабилитацияның мақсаты мен міндеттері:

Емдік реабилитация – мүгедектіктің профилактикасы, мүгедектіктің дәрежесін азайту, мүгедектікте өзін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

Қоғамдық реабилитация – зақымдалушыға қоғамның әсерін, оның қоғамның толық мүшесі болып белсенді болуын қамтамасыз ететін іс шараларды қарастырады.

Мамандандырылған реабилитация – мүгедектерді қайтадан еңбекке қабілетті ету яғни жұмыс жасай алатын сфераға квалификациялау.

Емдік реабилитация ұйымдастырылуы:

Емдік реабилитация қамтуы тиіс:

1. Ауруханалық реабилитации бөлімшенің болуы.
 2. Ауруханадан тыс реабилитацияның болуы.
 3. Қайта қалпына келтіру орталығы немесе комплексті реабилитация ұйымының болуы.
- Реабилитация әдістері: оперативті араласулар, массаж, әртүрлі физио-и термотерапия түрлері, протездеу және т.б.

Мотивация: Аяқ қол ұштарының жарақаттан кейін немесе кез келген патологиядан кейін кемістігі науқастар үшін ауыр психологиялық травма болып саналады. Сонымен қатар бұл топтағы науқастарға өзіндік өмір өмір салты болатыны және профессионалдық өзгерістердің болатыны жағдайды ауырлата түседі.

Мұндай жағдайларда протез тағайындалуы ең оптимал шешім болып табылады. Протез дене кемістігін жасырып қана қоймай толық болмаса да жартылай еңбекке жарамдылықты қалыпқа келтіруге көмектеседі.

Қол аяқ протездері функциясына және жоғалған функцияны қалыпқа келтіру дәрежесіне байланысты бөлінеді:

1. Косметикалық, тек қана сыртқы келбет үшін жасалынатын.
2. Белсенді-косметикалық, сыртқы көрініспен қоса жартылай еңбекке қабілетін қалыпқа келтіруші.

4. Көрнекілік құралдар:

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

6. Бақылау сұрақтары:

1. Студенттерге елімізде травматология ортопедиялық көмек ұйымдастырылуын түсіндіру.
2. Сынықтарды тек қана хирургиялық профилдегі емес сонымен қатар хирургия профилге жатпайтын дәрігерлердің де көмек көрсете алуының маңызды екенін айқындау.
3. Студенттерге заманауи емдеу мүмкіншіліктерін түсіндіріп жарақатпен науқастарды емдеудегі кемшіліктерге назарын аударту.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 6 беті

1. Тақырып: Сүйек тінінің репаративті регенерациясы. Сүйек тінін консервіленуі. Сынықтарды консервативті емдеудің негізгі принциптері.

2. Мақсаты: Сүйек тінінің репаративті регенерациясы. Сүйектің микроструктурасы қанмен қамтамасыз етілуі, иннервациясы, сүйек мозолі түзілу этаптары.

3. Дәрістің тезисы: Сүйек мозолінің түзілу дәрежесіне қарай төрт түрін ажыратады.

Интермедиарлы – бір бірімен байланысып тұрған сүйек бөліктері арасында болады бұл аралық 0,1 мм., алыс сынық фрагменттері қозғалмай тұрған шартта ғана. Сынық фрагменттері аралығы қантамырлы тормен және ол тор жасушалармен толады. Сүйектің шынайы біріншілік жазылуы басталады.

Периосталды – сүйек қабаты клеткаларының күрт көбеюінен түзіледі.

Эндосталды – сүйек майы каналының ішкі бетінен эндост клеткаларынан түзіледі, екі сынық фрагментінің сүйек майы каналынан.

Параоссалды мозол - сынық беткейіне жақын орналасқан жұмсақ тіндерден түзіледі.

Сүйек сынығы жазылуының клиникалық үш стадиясын ажыратады:

I стадия – фиброзды немесе жұмсақ мозол (3-6 апта);

II стадия – сынған сәттен бастап 4-12 апта аралығында сүйек мозолі қалыптасып, 1 аптадан 6 аптаға дейін созылады;

III стадия – сүйек мозолінің архитектуралық орналасуы 1 жылдай уақыт алады.

Тұрақты емес фиксацияда бітискен сүйек сынығында ығыстырушы күш әсерінен жара беттерінің ығысуы болады, регенерат тіні зақымдалады және параоссалді, периоссалді регенерат тіні бұзылып, мозол фиброзді және фиброзды шеміршек тінімен қалыптаса бастайды, екіншілік сүйек бітісуіне алып келеді.

Сынық ұштарында екіншілік мозол пайда болу ұзақтығы сынық ұштары қаншалықты қате орналасса және фиксация әлсіз болған сайы арта береді қан айналымы қалпына келуі де әлсірейді.

Сынық бітісуі тікелей тұрақты фиксацияға байланысты болады.

Сынық ұштарының тұрақты фиксациясы сынық бітісуіне көмектесіп, жиекті резорбция болуынан сақтайды, репаративті ренерация уақытын қысқартады. Осы шарттарда сүйек бітісуіе дәуір оңай және тез болады.

Сүйек бітісуінің бұзылыстары

Әр сүйек өзінің жазылу мерзіміне ие және осы мерзімге қарай сүйек бітісуі кешеуілдесе немесе болмаса сүйек консолидациясының бұзылысын білдіреді. Сүйек консолидациясы бұзылысының келесі түрлерін ажыратады:

Кешеуілдеген консолидация – сүйек бітісуі мерзімінде болмауы; сүйек мозолі жоқ немесе сынық сызығында әлсіз байқалады.

Бітіспеген сынық – контрол рентгенографиялық суретпен алдыңғы суреттің бірдей болуы; сүйек бітісу мерзімінің екі есе үш есе кешеуілдеуі.

Жалған буын – ерте мерзімдерде (9-12 айларда) – сынық фрагменттері кеңістіктің пайда болуы, сынық ұштары саңырау құлақ тәрізді кеңейген, сүйек миы каналы сүйек тінімен жабылған.

Сүйек бітісуі бұзылысының себептері:

1. Жабық репозиция кезінде сынық ұштарының дұрыс орналаспауы.
2. Жабық репозициядан кейін негізсіз қайталамалы түрде сынық ұштарын қайта орналастыру әрекеттері.
3. Иммобилизацияның жеткіліксіз болуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 7 беті

4. Мерзімінен бұрын иммобилизацияны тоқтату.

5. Ашық репозиция кезінде тіндерге керекті манипуляциялар жасау.

Жалпы және жергілікті кешенді емді біркелкі жүргізбеу.

Сынық бітісуінің бұзылысының емі

Консервативті ем жалпы және жергілікті шаралардан тұрады

Жалпы ем: жалпы гигиеналық гимнастика, оксигено-баро-терапия; ішке витаминдер қабылдау, глюконат немесе кальций хлориді, алое экстрактісі 2мл.ден 30-45 күн бойы қабылдау, ретаболил комбинациясы, глюконат кальция альбуминмен.

Жергілікті ем: гипсті таңғышпен иммобилизация, мөлшерленген жүктеме, ЕДШ, кальциймен электрофорез, сынық аймағына фосфор, магнито-терапия, лазерлі сәулелендіру, оксигено-баро-терапия, электростимуляция.

Кешеуілдеген консолидация және бітіспеген сынық кезінде хирургиялық емге асықпаған жөн.

Жалған буында псевдоартрозды қадімгі сыныққа айналдыру мақсатында оперативті ем қолданылады. Тіндік дефект болған жағдайда сүйек тінін стимуляциялайтын пластика жасалынады. Жалған буында оталы емдер Бек, Хахутова, Чаклин авторлары бойынша жасалынады.

Қазіргі кезде бітіспеген сынықта және жалған буындарда жабық емдеу компрессионды-дистракционды тәсілі көмегімен жүргізіледі.

Репаративті регенерацияны белсендіру

Сынық аймағына әсер ету:

Сынық ұштарының тұрақтылығы және тыныштық.

Алғашқы үш апта яғни жұмсақ мозол түзілгенге дейін сынған сүйекке тірек жасамау.

Төменгі бөліктің жоғары ұстау.

Репозициядан 2-3 күн өткеннен кейін ЕДШ бастау.

ФТЛ.

I принцип – сүйегі сынған науқасқа шұғыл көмек көрсету.

II – принцип – репозиция және т.б манипуляцияларды жансыздандырып жасау.

III – принцип – сынық ұштарының ығысуын қалпына келтіру.

IV – принцип – сүйек толық бітіскенге дейін толыққанды иммобилизация.

V – принцип – сынықтарды функционалді емдеу.

VI – принцип – сүйек тіні регенерациясын стимуляциялау.

Сынық консолидациясы біріншілік сүйек мозолі қалыптасуы басқа аралық этаптарға қарағанда ауырсыну сезімі күштірек болатынын айқындау. Сынық бөліктерін орнына тура және сенімді қалыпқа келтірудің тәсілдері төмендегідей:

1. Консервативті – жабық репозиция және гипс таңғышымен фиксация; қаңқалық тарту.

2. Оперативті – ашық репозиция, остеосинтез.

Илизаров, Калнберз, Ткаченко, ЦИТО сияқты сыртқы фиксация аппараттары көмегімен бекіту.

3. Бір мезеттік репозиция және гипстік таңғышқа көрсеткіштер – сүйек диафизінің көлденең сынығы, буынішілік сынықтар және сүйек шығуы.

4. Қаңқалық тартуға көрсеткіштер – қиғаш, спирал тәрізді, көп ұсақталған және полифокалді сынықтар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 8 беті

5. Сынықтарды оперативті емдеуге көрсеткіштер – ашық сынықтар, нерв қан тамырлық орам зақымдануында, сынық фрагментінің тері беткейінтесіп шығу қаупі болған кезде.

6. Аппаратпен емдеуге көрсеткіштер – барлық сынық түрлері.

1. Госпиталға дейінгі этапта көмек көрсетудегі қателіктер:

- Сүйек сынуы және шығуының уақытылы диагностикаланбауы;
- Жарақат алған дене бөлігінің жеткілікті иммобилизацияланбауы;
- Қантамыр нерв орамы зақымдануын уақытылы анықтамау;
- Шокқа қарсы шараларды жүргізеу;
- Зақымданушыларды тасымалдауда көп заппен жүргізу.

2. Сынықтарды Орталық Аудандық Аурухана шарттарында хирургиялық бөлімшелерде емдеу кезінде қателіктер:

- Қантамыр нервтік орам зақымдануын уақытылы диагностикаламау;
 - Дұрыс емес емдеу тактикасын таңдау;
 - Жарақат алған дене бөлігін репозициясыз гипстеу;
 - Рентгенологиялық контролдің екі проекцияда болмауы сонымен қатар иммобилизациядан кейін Р-логиялық контролдің болмауы;
 - Дене бөлігінің гипс таңғышымен қысылуы;
 - Иммобилизацияның бұзылуы немесе уақытынан бұрын тоқтатылуы;
- Жоғарыда аталған жағдайлар ауыр іріңді асқынуларға, кешеуіл деген консолидацияға, жалған буынға алып келеді (толығырақ тәжірибелік сабақтарда талқылау).

1. Реабилитация анықтамасы.

Медицинада реабилитация ұғымы жарақаттан немесе басқа аурулар нәтижесінде туындаған анатомиялық және функционалдық бұзылыстарды қалпына келтіруге бағытталған іс шаралар жиынтығын білдіреді.

Реабилитацияның негізгі бөлімдері:

- 1) Емдік реабилитация;
- 2) Қоғамдық реабилитация ;
- 3) Мамандандырылған реабилитация .

3. Реабилитацияның мақсаты мен міндеттері:

Емдік **реабилитация** – мүгедектіктің профилактикасы, мүгедектіктің дәрежесін азайту, мүгедектікте өзін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруды қамтиды .

Қоғамдық **реабилитация** – зақымдалушыға қоғамның әсерін, оның қоғамның толық мүшесі болып белсенді болуын қамтамасыз ететін іс шараларды қарастырады.

Мамандандырылған **реабилитация** – мүгедектерді қайтадан еңбекке қабілетті ету яғни жұмыс жасай алатын сфераға квалификациялау.

Емдік реабилитация ұйымдастырылуы:

Емдік реабилитация қамтуы тиіс:

1. Ауруханалық реабилитации бөлімшенің болуы.
2. Ауруханадан тыс реабилитацияның болуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 9 беті

3. Қайта қалпына келтіру орталығы немесе комплексті реабилитация ұйымының болуы. Реабилитация әдістері: оперативті араласулар, массаж, әртүрлі физио-и термотерапия түрлері, протездеу және т.б.

Мотивация: Аяқ қол ұштарының жарақаттан кейін немесе кез келген патологиядан кейін кемістігі науқастар үшін ауыр психологиялық травма болып саналады. Сонымен қатар бұл топтағы науқастарға өзіндік өмір сүру салты болатыны және профессионалдық өзгерістердің болатыны жағдайды ауырлата түседі.

Мұндай жағдайларда протез тағайындалуы ең оптимал шешім болып табылады. Протез дене кемістігін жасырып қана қоймай толық болмаса да жартылай еңбекке жарамдылықты қалыпқа келтіруге көмектеседі.

Қол аяқ протездері функциясына және жоғалған функцияны қалыпқа келтіру дәрежесіне байланысты бөлінеді:

Косметикалық, тек қана сыртқы келбет үшін жасалынатын.

Белсенді-косметикалық, сыртқы көрініспен қоса жартылай еңбекке қабілетін қалыпқа келтіруші.

4. Көрнекілік құрал:

5. Әдебиеттер:

6. Бақылау сұрақтары:

1. Сынықтар кезінде көмек көрсете алу маңыздылығын айқындау.
2. Сынықтарды заманауи емдеу мүмкіншіліктері.
3. Емдеу принциптерін нақты білу қателіктерге және ерте кеш дамитын асқынуларға алып келмейтінін айқындау.
4. Ерте диагностикалау, тұрақты транспортты иммобилизация, ерте госпитализация сынықтарды тез қиындықсыз емдеуге көмектеседі.
5. Хирург травматологтарға оптималды ем тактикасын таңдау.
6. Реабилитациялық іс шаралармен толыққанды таныстыру.

Дәріс 3

1. **Тақырып:** Сүйектердің ашық және жабық сынықтары. Классификация. Диагностика. Созылмалы жарақаттан кейінгі және гематогенді остеомиелит. Профилактикасы және заманауи емдеу принциптері.
2. **Мақсаты:** студенттердің назарын қарастырылып жатқан мәселенің маңыздылығына аударту, диагностикалау ерекшеліктерін айқындау, емдеу принциптерімен таныстыру.
3. **Дәрістің мазмұны:**

Жабық сынықтар

Сүйек сынуы (fractura ossis) сүйек бүтіндігінің сыртқы орта факторының қысымы әсерінен бұзылуы. Жабық сынықта сынған сүйек аймағындағы жұмсақ тіндердің бүтіндігі бұзылмайды.

Жабық сынықтар толық және толық емес болуы мүмкін. Толық емес жабық сынықта сүйек бүтіндігі толықтай бұзылмайды. Бұл жиекті сынықтар, сүйек төмпешіктерінің жұлынуы.

Орналасуына қарай: диафизарлы, метафизарлы және эпифизарлы.

Эпифизарлы көбінесе буын ішілік сынықтар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 10 беті

Метафизарлы—буын айналасында. Орналасуына қарай жоғары ,ортаңғы,төменгі үштен бір бөлігі деп ажыратады

Жазықтықта сынық бағытына қарай ажыратады: көлденең,қиғаш,айналмалы,ұзына бойлы.

Сынықтар сынық ұштарының ығысуымен және ығысуынсыз болуы мүмкін. Ығысу біріншілік болады жарақаттаушы күш әсерінен және екіншілік бұлшық еттердің тартылуы әсерінен болады. Рентген сүретінде көбінесе екіншілік ығысу көрінеді

Сүйек ұштары ұзындығына,еніне,бұрыш жасап және ротационды ығысуы мүмкін. Бұрыш жасап ығысатын сынықтар екі сүйектен тұратын аймақтарда аралас деп те аталады. Басқа сүйектерге қарағанда бұл аймақтар жабық репозицияға келмейді.

Сынықтар енген сынық болуы да мүмкін. Бұл кезде сынық ұштары бір бірінің ішіне енеді. Кәрі жастағы адамдарда енген сынықтарды сол қалыпта қалдырған жөн,сүйектің тезірек бітісуіне жағдай жасайды.

Компрессионды сынықтар әсер етуші күштің сүйектің ұзына бойлы осіне жүктеме беруінен туындайды. Жиі бұл омыртқа денелері,табан сүйектері кататравмаларда және карі жілікте білекті жазып немесе бүгіп құлау кезінде кездеседі.

Сонымен қатар сынып шығуы деген яғни бір сегментте әрі сынық әрі шығу болу мүмкін екендігін атап өту

1. Жабық сынықтардың диагностикасы

Сынықтардың клиникалық сипаты мен көріністері жалпы және жергілікті белгілерден құралады.

Жалпы белгілеріне келсек, олар: сынық аймағындағы күшті ауырсынудың әсерінен пайда болатын – шок, зақымданған ұлпалардың ыдырап, езіліп, сіңірілуіне байланысты дене қызуының көтерілуі – 38-39°C және зәр құрамындағы белоктың, қан түйіршіктерінің пайда болуымен сипатталатын бүйрек қызметінің бұзылуы, жүйке, жүрек, тыныс алу, зат алмасу, иммундық, қан қорыту жүйелерінің әлсізденіп, өзгеруі орын алады.

Сынықтың сипат көріністері болып жергілікті белгілері саналады: ауыру сезімі; қозғалу қызметінің бұзылуы; жергілікті пішінінің бұзылуы немесе жарақаттанған аяқ – қолдың қысқаруы немесе ұзаруы; сүйек бойының еріксіз қимылы, сынықтардың ығысып, жылжуы, үйкелесіп, сықырлауы.

I. Ауыру сезімі – сынықпен қатар пайда болады, тыныштықта басылып, сәл қозғалыстан үдее түседі. Ал, кейбір жүйке жүйесінің аурулары бар сырқаттарда ауыру сезімі онша байқалмайды. Сипап сезу арқасында айқын шектелген ауырсынудың арқасында сынықтың сипаты мен көрінісін және орнын анықтауға болады.

II. Қозғалу – қимылдау қызметінің бұзылуы – бұл белгі барлық сынықтарда түрлі дәрежеде кездеседі. Кейбір сынықтарда қозғалу қызметінің бұзылуы аса байқалмайды. Ал, аяқ-қолдың ығысып, жылжыған сынықтарында аяқ –қол қызметінің бұзылуы өте айқын байқалады.

III. Сүйек бойындағы еріксіз қозғалыс. Сүйек бойында анықталған көрнекті еріксіз қозғалыс сынықтың айқын белгісі болады. Ол диафизарлы сынықтарда айқын анықталса, түйіскен сынықтарда, жалпақ сүйек (жауырын, қабырға) сынықтарында өте сирек байқалады.

IV. Сынықтардың үйкелісіп, сықырлауы – сүйек сынықтарының бір-біріне ығысып қозғалуы мен жылжуынан пайда болады. Бұл белгіні тексеру өте қауіпті, сондықтан оны

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 11 беті

өте ұқыпты жасау қажет. Олай болмаған жағдайда сүйек бөлшектерінің жылжуы көбейіп, қан тамырлары, ұлпалар, ағзалар мен жүйке талшықтарының зақымдануы мүмкін.

V. Жергілікті пішінінің өзгерісі. Сынық орны мен қалпының өзгерісі-сүйек сынықтарының жылжуымен тығыз байланысты болады. Сынықтың жылжуы білінер – білінбес, ал кейде өте айқын болуы мүмкін. Сондықтан зақымданған қол – аяқты сау жағымен салыстырып қарауды негізгі ереже ретінде қабылдау керек. Сынықтың жылжуы бірнеше себептерден туындайды:

1. Сынық тудырушы күш әсерінен;
2. Еттің қайта тартылуы (ретракция) мен тітіркендіргіш әсерге (рефлекторно) жиырылуынан;
3. Жарақат кезінде құлап жығылғандағы дене салмағының әсерінен;
4. Сырқатты дұрыс тасымалдамаудан, сақтандыру шараларын дұрыс жүргізбеуден, қалыпты орындамаудан;

Кей жағдайларда жиырылған еттің тартылуы белгілі сүйек сынықтарының ығысып, жылжуына әкеліп соғады. Мысалы: ортан жіліктің жоғарғы үштігінде сынуы кезінде орталық сынық алдыға және артқа қарай жылжып, ал шеткергі сынық артқа және ішке жылжиды, бұл жілікке бекітілген еттердің жиырылумен түсіндіріледі. Жылжып ығысудың бірнеше түрлерін ажыратады:

а) Бұрыш жасай жылжу – бұл жағдайда сынықтардың ұзын бойы сынған жерде бұрыш құрастырады. Бұл жылжу әрекет жасаған күштің ықпалымен және ет жиырылуының әсерімен түсіндіріледі.

б) Ажырай жылжу - сүйек сынықтарының сүйектің ұзын бойымен алшақтауы, көбінесе көлденең сынықтарда жиі кездеседі,

в) Ұзын бойымен жылжуы – сүйектің бір жақ сынығы оның екінші жақ сынығының бойымен ұзын бойына жылжиды (көбінесе ұзын түтікті сүйектер сынығында кездеседі).

г) Шеттеп жылжу – екі жақ сынықтың біреуінің өзінің ұзын бойымен жылжып бұрылуы арқасында қалыптасады.

Сынықты анықтау науқастан сыртартудың (анамнез), тексеріп көрудің, рентгенологиялық зерттеулердің анықтамаларына негізделеді. Сынықты дұрыс емдеу үшін диагнозын дұрыс қою жеткіліксіз. Негізінде сынықтың түрін, орталық және шеткергі сынықтың жылжу сипатын және олардың өзара орналасу қатынасын анықтаған жөн.

Анамнез – сыртарту жарақаттың қалыптасуы мен жарақат тарихы туралы деректерді анықтауға мол қолғабысын тигізеді. Сыртарту арқылы жарақат алғаннан соң науқастың аяқ – қол қызметін пайдалана алған – алмағанын анықтауда дәрігер көп мәліметке ие болады немесе алғашқы көрсетілген көмектің көлемі мен сипатын анықтауға қол жеткізеді. Сырқаттың шағымынан аурудың басталған уақытын, оның орналасуын, күшеюінің себептерін, жарақаттанған аяқ-қолдың қызметінің қалпын анықтауға болады. Жарақаттанған ауданды сырт көзбен қарағанда сау аяқпен, сау қолмен салыстыра қарауы керек. Осылай қараған жағдайда зақымданған жерде ұлпалардың ісінуін, қалпының өзгеруін, қысқаруы мен ұзарғанын, еріксіз қозғалысын, сүйектің сықырлы үйкелесін анықтау диагнозды дұрыс қоюға көмектеседі. Зақымданған қол немесе аяқта шеткергі тамыр соғысын және саусақтардың қозғалысын тексеру керек. Ол тамыр – жүйке тұтамының тұтастығын анықтау үшін керек болады. Сол сәтте ауруда шоктың, ішкі ағзалардың араласқан зақымдануының, көп сынықтардың бар – жоқтығын анықтаған жөн. Зақымданған қолдың немесе аяқтың қысқарған мөлшерін анықтау үшін сау аяқпен немесе қолмен салыстырмалы түрде өлшеген дұрыс саналады. Сынықтың сипатымен, ығысып

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 12 беті

жылжуын анықтау үшін рентгенологиялық зерттеу жүргізіледі. Рентгенологиялық қызмет тәулік бойынша көрсетіліп, сынығы бар сырқаттарды емдеуді бастау да, жүргізу де, аяқтау да рентгендік түсірістің бақылауында болуы қажет. Рентгенограмма екі кеңестікте істелуі жөн – көлденең (фас) және қырынан (профиль).

Балалардың зақымдануы кезінде, оларда сүйектену үрдісінің толықсыздығын ескере отырып рентгенге түсіруді сау жағымен салыстыру үшін сүйектену ядролары мен эпифиз бойын анықтап қарауымыз сынық бағытын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Сынақтарды емдеуде алғашқы көмек негізгі көрсетілер емдердің қатарында саналады және сүйек сынықтарына сақтықпен қарауды талап етеді. Өйткені мұндай ықылас сүйектердің одан әрі таюына және жылжуына жол бермейді. Бұл мәселе транспорттық жабдықтармен құрсаулап (шина) таңумен немесе байлап бекініс (иммобилизация) жасаумен шектеледі. Ашық сынықтар кезінде жараны залалданудан сақтау үшін асептикалық байлам салу қолданылады. Ауыру сезімінің күшін азайту үшін транспорттық бекіністі зақымдану алған жерде таңу жөн, ауруды сонан соң тасымалдаған дұрыс. Науқас киімін аса ұқыптылықпен шешу керек, олай болмаған жағдайда тігіс бойымен кесу керек. Тасымалдау жансыздырушы дәрілерді еңгізгеннен соң ғана орындалуы шарт. Сынықты бекіткенімізде бекітуші таңғыш жоғары және төмен орналасқан екі буынды міндетті түрде бекіткен болуы керек, ал сан сүйек сынығында - үш буынды бекітуі қажет (жамбас – сан, тізе, сирақ – аяқ буындары).

Әрбір емдеу мекемесінде және жедел жәрдем машинасында транспораттық, құрсау (шина) жабдықтары болуы керек. Бұл құрсау жабдықтары (шина) жетерліктей мықты, қолдануға қарапайым болулары керек. Сымнан жасалған құрсау жабдығы ең қолайлы да ынғайлы болары сөзсіз.

Крамер жабдығы тоқпақ жілік, білек және сирақ сүйектерінің зақымдануында құрсаулап бекіту үшін жұмсақ мақталы жаялықпен қоса пайдаланылады. Ортан жіліктің сынуында Дитерихстің транспорттық құрсау жабдығын жиі қолданады. Кейбір кемістіктеріне қарамастан жамбас, сан, тізе, сирақ буындарының сынықтарында қолданатын құрсау жабдықтарының барлығынан қолайлысы осы жабдық болып табылып келеді. Дитерхис құрсауын қайың, қарағай ағаштарынан жасайды. Кейінгі кездері тот баспайтын жеңіл металлдан жасалып жүр. Транспорттық құрсаулап бекіту үшін лонгеттік гипсті таңғыштарды қолданады. Жалпы транспорттық құрсаулап бекіту алғашқы дәрігерге дейінгі көмек болып саналады. Оны төтенше жағдай болған жерде салады (цехта, шахтада, құрылыста, көшеде, егін жайда). Көп жағдайларда арнайы құрсау жабдықтарының болмауына байланысты сәтсіздікке ұшыраған жерде қолға түскен нәрселерді (бұйымдарды) қолданады (таяқтар, тақтайшалар, ағаш бұтақтары, мылтық, шаңғы, т.б.). Бұл бұйымдардың ұзындығы 2 буынды қамтуға жетуі қажет болуы шарт. Мұндай үлгілі емес (нестандартные) транспорттық жасанды құрсаулар «ойдан шығарылған» (импровизированные), - деп аталады. Қолға түсер бұйымдар болмаған жағдайда зақымдалған аяқты сау аяққа байлайды. Бұл жағдайда сау аяқ бекітуші, құрсаушы жабдық қызметін атқарады. Жабдықтарды қолданып, құрсаулап, бекініс жасағанда аяққа физиологиялық дұрыс қалып берілуі тиіс.

Сүйек сынықтарын емдеудің негізгі қағидалары

Транспорттық иммобилизация. Иммобилизацияның транспорттық және емдік түрін ажыратады. Емдік иммобилизациядан транспорттықтың ерекшелігі-медициналық көмек көрсететін мекемегі зардап шеккенді жеткізгенге дейін зақымданған жерді иммобилизациялау.Сөйтіп, транспортты иммобилизация шоктың, тіндердің (тері,

QONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 13 беті

бұлшықет, тамыр, жүйке) сүйек жарықшаларымен екіншілік зақымдануының, инфекциялық асқынудың алдын алады.

Транспорттық иммобилизация көрсеткіштеріне сүйек пен буын, ірі қан тамыр мен жүйке бағаны, жұмсақ тіндердің массивті зақымданулары, күйік, үсу, аяқ-қолдардың ұзақ қысылу синдромы жатады. Кері көрсеткіштер жоқ десек те болады.

Транспорттық иммобилизация құралдарын екіге-стандартты шиналар және қолда бар құралдарға бөледі. Олар келесі талаптарға сай болу керек:

- Сенімді иммобилизация жасап, аяқ-қолды функциональды ыңғайлы жағдайда фиксация жасау;
- Қарапайым және көп уақытты алмау керек;
- Дайындауға ыңғайлы, портативті, жеңіл, арзан :

Транспорттық шина салу ережелері:

1. Транспорттық иммобилизация жарақат алған мезеттен кейін неғұрлым ерте жасалу керек.
2. Транспорттық шиналар жарақат алған сегментпен қатар екі жанындағы буындарға да салыну керек. Сан сүйегі жарақаты кезінде үш буын иммобилизациялану керек (жамбас, тізе, табан) және иық жарақатында да.
3. Аяқ-қолды иммобилизациялау үшін ортафизиологиялық жағдайға келтіру керек.
4. Транспорттық шиналарды киім, аяқ киім үстінен салу керек, оның мақсаты ,біріншіден, шешіндіру кезінде қосымша травматизацияның алдын алу, екіншіден, киімді жұмсақ төсеніш ретінде пайдалану.
5. Тіндер қосымша зақымданбау үшін шина салынбастан бұрын дене контурына сай модельдену керек, аяқ-қол жұмсақ төсенішпен оралу керек, ал сүйектің шығыңқы жерлеріне дәкеден не матадан төсеніш салу керек. Шинаны салғаннан кейін модельдемейді, ол қосымша жарақат етуі мүмкін. Қолда бар материалдардың кемшілігі дене контурына сай модельденбеуі.
6. Шинаны тым тығыз орауға болмайды, себебі ол жұмсақ тіндердің қысылуына, соңынан ауыр ишемиялық бұзылыстарға әкелуі мүмкін.
7. Жабық жарақаттар кезінде ось деформациясын түзеу мақсатында шина салмастан бұрын аяқ-қолдың тракциясын жасау керек. Көп жағдайда бұл жарғақшалардың ығысуын азайтып, оның айналасындағы тіндерге , әсіресе теріге қысымын азайтады. Ашық сынықтар кезінде тракцияны жасауға болмайды, себебі онда сүйек жарғақшалары жұмсақ тіндер тереңдігіне еніп кетіп, жараны қосымша зақымдайды.
8. Қысқы уақытта иммобилизденген аяқ-қолды қосымша жылы орау керек.

Стандартты шиналар жоқ кезде иммобилизацияны қолда бар жабдықтармен жасайды (ағаш бұтақтары, картон, фанера т.б.). Егер тіпті олар болмаса, аутоиммобилизация жасайды, яғни жарақаттанған қолды дәкелі бинт не басқа матамен денеге әкеліп фиксациялайды, ал аяқты сау аяққа әкеліп фиксациялайды.

Сатылы шиналар (Крамер) жақсы модельденетіндіктен қажетті қалыпта фиксациялауға мүмкіндік береді. Олар әмбебапты, сондықтан сатылы шина көмегімен кез келген дерлік жарақаттарды фиксациялауға болады.

Лубковые шины арзан, жеңіл, портативті, бірақ модельденбейді. Ол арқылы аяқ-қолды тек тура қалпында иммобилизациялауға мүмкін.

Торлы шиналар жіңішке сымнан бинт тәрізді қылып жасалған, олар аса берік емес, ұсақ сүйектердің иммобилизациясы үшін жарайды, мысалы, табан және білезік.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 14 беті

Дитерихс шинасы өзгешелігі жарақаттанған аяқты жақсы иммобилизациялап қана қоймай, сонымен қатар оны тартуға мүмкіндік береді. Бұндай шинаны салуға тікелей көрсеткіш сан сүйегінің, жамбас, тізе буындарының жарақаттары болып табылады. Ол шина ағаштан жасалған, оның төрт бөлігі бар: екі әр түрлі ұзындықты қозғалмалы планкалар, сыртқысы 171 см, ішкісі 146 см, ені 8 см және тақтайша табан және бауы бар таяқша тәрізді бұрауыш.

Ауалы (пневматикалық) шиналар сыртқы пішіні бойынша сырғытпасы бар қос қабатты жабуға ұқсайды. Сырғытпаны ашып, шина ішін газы бар арнайы баллоннан ауаға толтырады, ол жоқ болса, насос не ауыз арқылы ауаға толтырады. Шинаның кемшілігі тесіліп қалу қаупінде. Бірақ олар модельдеуге өте ыңғайлы, дегенмен, жұмсақ тіндерді қысып, олардың ишемиясын тудыруы мүмкін. Ашық жарақат кезінде ауалы шина қан кетуді жоғарлатуы мүмкін.

Вакуумды шиналар гранулалармен толтырылған. Оны қолданбас бұрын насос арқылы ішінен ауаны сорып алады. Осы принцип арқылы вакуумды зембілдер мен матрастар жасалған, оларды омыртқа және жамбас жарақаттарында қолданады.

Әр түрлі жарақаттар кезіндегі транспорттық иммобилизацияның негізгі әдістері.

Иық және жауырын жарақаттары кезінде Дезо, Вельпо, косынкалық таңғыштары арқылы фиксациялайды. Бұл кезде қолтық астына кішігірім валик салған жөн.

Иық сүйегі мен шынтақ буыны жарақатында иммобилизацияны сатылы шина арқылы сау білектен бастап білезік буынына дейін жасайды. Қолды функциональды ыңғайлы жағдайға келтіреді: шынтақ буынында 90° бүгу және білекті ортафизиологиялық қалыпта пронация мен супинация аралығында ұстау. Қол басы білезік буынында 45° жазылған. Шинаны қосымша денеге орамалдық таңғышпен фиксациялайды.

Білек жарақаты кезінде де сатылы шинаны қолданады, оны иықтың жоғарғы үштен бір бөлігінен білезік буынына дейін салады. Функциональды ыңғайлы жағдай иық жарақатындағыдай болады. Білезік буыны не қол саусақтары жарақаттары кезінде сатылы шинадан басқа торлы шинаны қолдануға болады. Шинаны алақан беткейімен шынтақ буынынан саусақ ұштарына дейін салады, қол басы шамалы жазылған күйде, ал алақанға тығыз валик салады.

Сан және жамбас буыны жарақатында иммобилизация үшін Дитерихс шинасы қолданылады. Шинаны салмас бұрын аяқ киімді шешпейді. Алдымен табан тақтайшаны бинт арқылы аяққа фиксациялайды. Содан планканың қажет ұзындығын үлгілейді, ішкісі шап аймағынан, сыртқысы қолтық астынан және ол қаңқадан тарту үшін табаннан 12—15 см шығып тұру керек. Алынған ұзындықты ағаш не металл штырь арқылы белгіленеді. Алдымен ішкі планканы салады, дистальды ұшына тарту үшін бау өткізеді. Содан сыртқы планканы салады да, екеуін табан астында қосады. Енді планкаларды арнаулы ременьмен не дәкелі бинтпен денеге бестен кем емес нүктелерден фиксациялайды: кеуде қуысы аймағы, жамбас, санның жоғарғы үштен бір бөлігі, тізе буыны, балтырдың төменгі үштен бір бөлігі және де алдымен проксимальды аймақтарды бекітеді. Санның диафизі жарақатында жоғарғы үш нүктені, содан бұрау арқылы тартады да, дистальді нүктелерді бекіту арқылы аяқтайды. (сур. 6).

Егер Дитерихс шинасы жоқ болса, онда Крамер шиналарынан комбинация қолдануға болады, сол деңгей мен нүктелерді сақтай отырып, бірақ тарту жасалынбайды.

Балтыр сүйектері жарақатында, әсіресе, сатылы шиналардан комбинацияны қолданады. Сүйек жарғақшаларының қозғалғыштығы мен терінің перфорациясы қаупін

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 15 беті

ескере отырып, шинаны үш жақтан салады. Шина салмастан бұрын балтыр осін түзеу мақсатында сүйек тракциясын жасап алады. Содан алдымен артқы шинаны санның жоғарғы үштен бір бөлігінен бармақ ұштарына дейін, табанды балтыр осіне перпендикуляр ете отырып салады. Соңында сыртқы және іш жағынан сатылы шинамен иммобилизациялайды.

Сирақтабан буыны мен табан сүйектері жарақаттарында сатылы шина арқылы тізе буынынан (сирақ сүйегі басы) бастап, бармақ ұштарына дейін, табанды балтыр осіне тік бұрышта ұстай отырып салады.

Транспорттық иммобилизация құралы ретінде гипсті лонгеталы таңғыштарды да қолдануға болады. Гипс астына міндетті түрде мақта не дәкеден жұмсақ төсеніш салу керек. Гипсті транспорттық шиналардың бір жақсысы дене бітіміне сай үлгіленеді (бұл ұзақ уақыт тасымалдауда маңызды), кемшілігі-кебу үшін көп уақыт кетеді

Бір жағынан науқасты тасымалдау, бір зембілден екіншісіне жатқызу т.б., оның жағдайын ауырлатады. Бірақ науқастар неғұрлым жылдам арнайы стационарға эвакуациялану керек, сондықтан тасымалдау барынша абайлап жүргізілу керек. Бұны бірнеше бағытта шешуге болады:

1. Адекватты жансыздандыру жасап, толық иммобилизация жасау.
2. Тасымалдау барысында медицина қызметкері әрдайым науқас жанында болу керек және шокқа қарсы шараларды жалғастыру керек.
3. Көліктің анағұрлым пайдалы, ыңғайлысын таңдау.

Қазіргі кезде ондай көлік – ауалы көлік болып табылады. Санитарлық тікұшақтар қазіргі таңда тек алыс елді мекендерден ғана емес, қала ішінде де (автокөлік тұрыстары (пробки) көп уақыт кетіреді) өзін ақтауда. Қазір шу деңгейі азайтылған арнайы тік ұшақтар шығарылды.

4. Тасымалдау уақытының ұзақтығын азайту үшін эвакуация бағытын анықтап алу.

Екінші принцип - жансыздандыру

Жансыздандыру (анестезия):

1. жергілікті – а) сынық орнының блокадасы (сур.10.а),
 - б) өткізгіш анестезия (жүйкенің блокадасы) (сур.10.г),
 - в) жұлынның блокадасы (эпидуральды, жұлындық анестезия)
2. жалпы (наркоз) – ингаляциялық емес -көктамыр ішілік,
 - ингаляциялық – а) масканық (маска көмегімен),
 - б) интубациялық

Стационар, травматопункт, поликлиникалардың арнайы бөлімшелерінде ТҚА-ның жекеленген жарақаттарында бір мезетті репозиция немесе қаңқадан тарту алдында жергілікті анестезия жасалады.

Кең таралған жергілікті анестетик-новокаин. Сынық орнының блокадасы үшін 2% (20,0 мл) не 1% (40,0-50,0 мл) новокаин ерітіндісі, ал жамбас ішілік, вагосимпатикалық, паранефральдық блокадаларда — 0,25 % новокаин ерітіндісі (300,0 — 400,0 мл).

Сыну аймағының блокадасы тамыр шоғырының проекциясынан тыс, сыну аймағына парафрактурлы гематомаға жасалынады (10.а.сурет). Новокаиннің дұрыс енгізілгенін дәлелдейтін белгісі поршеньді кері тартқан кезде шприцте қанның болуы.

Ашық сынулар кезінде А.В. Вишневский бойынша футлярлы анестезия қолданылады – сүйекке дейін барлық тіндер инфильтрациясымен 0,25% новокаин ерітіндісін жарақат алған жерден жоғары, бұлшықет футлярларына жіберу. Жамбас сүйектің сынуларында

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 16 беті

жамбас ішілік анестезия қолданылады.Школьников-Селиванов бойынша 0,25% новокаинмен 200-300 мл(10.в. сурет).Омыртқа денелерінің сынуында Шнек бойынша 1% 10 мл ерітіндімен анестезия қолданылады.

Қабырғалардың көптеген сынықтарында қабырғааралық нервтердің паравертебральды анестезиясы қолданылады,0,5% 10 мл новокаин ерітіндісін әрбір қабырғааралыққа.Қабырғалардың көптеген сынықтары мен гемоторакс кезінде паравертебральды анестезиямен қоса 0,25 %л новокаин ерітіндісімен Вишневский бойынша вагосимпатикалық блокада жасалынады.Артериялық қысым төмен болғанда (70-75 мм.сын. бағ.), анестезияны аса сақтықпен қолдану керек.Артериялық қысым 100 мм сын.бағ. жоғарлағанға дейін оны кейінгіге қалдырған жөн. Артериялық қысым төмен болғанда новокаин тамыр қозғалтқыш орталыққа тежеуші әсер етеді.

Жергілікті жансыздандыруға уақытша кері көрсеткіштер: гиповолемия, III –IV дәрежелі геморагиялық және травматикалық шок,политравма болып табылады.

Новокаинды блокадаларды жасау асептика және антисептика ережелерін сақтауды талап етеді.Стерильді таңғыштау бөлмесіне сай жағдай болмаса(далада, үйде,жедел жәрдем көлігінде) сыну аймағына инені енгізу ауыр инфекциялық асқынуларға әкелуі мүмкін.Сондықтан да новокаинді блокадаларды жүргізуге көрсеткіштер сақтықпен қойылу керек, тек қана айқын ауырсыну синдромы кезінде және шоктың дамуының профилактикасы үшін абсолютті қажет болу.

Жалпы жансыздандыру мектепке дейінгі жастағы балаларда сынуды немесе буынның шығуын бір сәтті репозицияда қолданады.Ересек адамдарда, әсіресе ”ескі” буынның шығуын орнына салғанда жалпы жансыздандыру(көбінесе қысқа көктамыр ішілік наркоз) тиімді,себебі бұлшықеттердің посттравматикалықгипертонусы жақсышешіледі де, буынды орнына салу жеңіл және атравматикалық болады. Политравмамен науқастарда сынуларды бір сәтті репозициямен емдеген кезінде, себебі жергілікті жансыздандыру анестетиктің көп мөлшерін қажет етеді.Әсіресе бұл гиповолемия жағдайында және тұрқақсыз гемодинамикада(шок, қан жоғалту) қауіпті, резобтивті әсері мен қысымның вазодилатациясына байланысты.

Сонымен, сынықтар мен буынның шығуында жергіліктіжәне жалпы жансыздандыру кең қолданылады.

Репозицияның келесі түрлерін ажыратады:

1.Ашық – визуальды бақылаумен операция кезінде жасалады.

2.Жабық – сынық аймағы жаңалаштанбайды.

А. Бір сәтті –

- Қолмен – дәрігер қолымен жасалады
- Аппаратты – арнайы аппараттар көмегімен жасалады

Б.Біртіндеп (ұзақ) – қаңқадан тарту және біртіндеп жүкті қосу арқылы.

3.Сүйек арқылы репозиция.

Сынықшалардың оперативті репозициясы – батырмалы остеосинтез кезінде, жабық сүйек арқылы остеосинтез операцияның бастапқы сатысы болып табылады.

Бір сәтті жабық репозицияамбулаторлы мекемелерде негізгі емдеу тәсілі болып табылады.Буынның шығуын, білек сүйектерінің, шыбық сүйектерінің типті жерден сынуын, білек сүйектерінің диафизарлы аймақта сынуын, иық сүйектің хирургиялық мойны мен дифиздің дистальды бөлігінің сынуын, табан жарақаттарын, диафизарлы аймақтағы балтыр сүйегінің, тізе буынның жарақаттарын стационардағы емін бір сәтті репозициядан бастайды.Бір сәтті репозицияға кері көрсеткіш болып, ішкі мүшелердің

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 17 беті

ауыр декомпенсациялы аурулары болып табылады. Уақытша кері көрсеткіш болып III – IV дәрежелі шок және тыныс алудың бұзылуы болып табылады.

Бір сәтті репозицияның 2 түрін ажыратады:

А) қолмен

Б) аппаратпен

Ұзын түтікті сүйектердің бір сәтті репозицияны жүзеге асырғанда екі ережені сақтау қажет: біріншісі – түтік сүйектің дистальды бөлігін осі бойынша орталықтап орналастыру қажет. Екіншісі – жүзеге асырғанда көмекшілердің бірі ұзындығы бойынша тракция жасайды.

Бір сәтті аппарат арқылы репозицияда жоғарыдағы ережелер орындалуы тиіс. Аппараттардың әсер ету принципі аяқтың дистальды бөлігі аппаратта бекітіледі, аппараттың тісті берілістердің, винттің, тросстың айналуы көмегімен дистальды бөліктің тракциясы жасалады. Осы уақытта травматолог сынықшалардың ені мен осі бойынша орнынан таяуын қолмен жояды.

Қаңқадан тартудың сынықты репозиция мен фиксациялау мүмкіндіктері бар. Ұзын түтікті сүйектерді қаңқадан тарту әдісімен емдегенде, сынықшалардың репозициясы үшін дистальды бөлікті тарту орталық бөлік бойынша жүргізілуі тиіс. Тек осы жағдайларда ғана сынықшалардың орнына түсуі жүзеге асады.

Сынықты фиксациялау.

Сынықты емдеудің консервативті және оперативті әдістері бар. Практикада жақсы фиксациялау үшін бір уақытта екі және одан да көп әдістерді қолданады.

Сүйек сынығы бар ауруларды емдеу мәселесі - сырқат өмірін сақтау, сүйек анатомиясының тұтастығын қысқа мерзімде қалпына келтіру, сырқаттың еңбекке жарамдылығын, аяқ-қолдың қызметін қалпына келтіру сияқты мақсаттарды алдына қояды. Сүйек сынығы бар жарақаттарды тиімді емдеу мынандай негізгі қағидаларға негізделген: Сынығы бар сырқаттарды емдеу кезек күтпес хирургияның көмегіне негізделуі керек. Емдеу мекемесіне түскен ауруды тәуліктің қай уақыты болмасын клиникалық, рентгенологиялық зерттеуден өткізіп, сыныққа алғашқы жедел өндеу шараларын жасайды. Мұндай кезек күтпес шараларға хирургиялық араласу, ішкі ағзалардың зақымдануында көрсеткілер шаралардан басқа жараны алғашқы хирургиялық өндеу де, сынық бар жерді жансыздандыру, сынықтарды түзету мен гипстік таңғышты қолдану да жатады. Жарақат алғаннан кейінгі ертерек кезеңде сынықты қалпына салып дұрыстау оңай болса, кешіктірілген уақытта жиналған қан (гематома) мен ісіктің ұлғаюынан және еттің қайта тартылуынан кәдімгі тәсілдермен сынықтарды орнына салып, түзету қиынға соғады, ал кейбір кездері тіпті іске аспайды. Көпке созылған ауыру сезімі, зақымданған аяқ-қолының тағдырына деген қорқыныш уақытша құрсаулап бекіту жасалғанына қарамастан сырқаттың психологиялық жағдайын нашарлатады.

Жабық сынықтың асқынулары

Жабық сынықта кездесетін ең жиі асқынулардың бірі қан жоғалту. Сынған сүйектен қан кету 3-5 тәулікке дейін жалғасады. Жабық сынықта міндетті түрде қан кету болады. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек Clarc (1951), В. П. Пожариский (1972). Сан сүйегі сынығы кезінде қан жоғалту 0,5-2,5 л.-ге дейін, балтыр сүйектерінде 0,5-1,0 л.-ге дейін болады. Майлы эмболия – сирек алайда өте ауыр асқынулардың бірі. Жиі шок дұрыс диагностикаланбаған және шокқа қарсы терапия жүргізілбеген науқастарда туындайды. Майлы эмболия тіндік қан айналымның бұзылысынан туындайды деп есептейді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 18 беті

Жалпы асқынулармен қоса жергілікті асқынулар да болуы мүмкін. Бірінші кезекте ішкі ойылуды атап өту керек. Ішкі ойылуға мысал ретінде асықты жіліктің толық ығысуын айтуға болады. Ішкі ойылу көптеген емдеу тактикаларын қолдануға мүмкіншілікті жояды.

I. Ашық сынықтар

- 1). Ашық сыныққа түсініктеме беру. «Біріншілік» «Екіншілік» ашық сынық.
- 2). Ашық сынық классификациясы.
- 3). Ашық сынық кезінде асқынуларын диагностикалау.
- 4). Ашық сынықтар кезінде БХӨ ерекшеліктері.
- 5). Ашық сынықтар кезінде остеосинтез түрлері.
- 6). Ашық сынық науқасын жүргізу, этапты емдеу ережелері.

II. Жарақаттан кейінгі остеомиелит

1. Жарақаттан кейінгі остеомиелитке анықтама беру

1. Классификациясы.
2. Қоздырғыштары.
3. Диагностикасы.
4. Клиникасы.

Жарақаттан кейінгі остеомиелит жалпы және жергілікті емдеудің принциптері

1. Консервативті ем.
2. Оперативті емге көрсеткіштер және тәсілдері.
3. Жарақаттан кейінгі остеомиелитті емдеуде ошақтан тыс тұрақты остеосинтез орны.
4. Остеомиелит емдеу ерекшеліктері.

Мотивация: Жыл сайын елімізде 100 шақты ірі жол көлік апаты болады. Арменияда жүргізідген статистика бойынша 50% зақымданушыларда ұзақ жаншылу синдромы, ашық сынықтар ауыр шоктармен аралас жүретінін көрсеткен.

Мақсаты: Студенттерге ашық сынықтарда ерекше ауыр жағдайлардың болуы мүмкін екенін және догоспиталды көмектің ауыр асқынулардан сақтауға көмектесетінін түсіндіру. Ашық сынықтар мен жарақаттан кейінгі остеомиелиттерде заманауи емдеу методтарын көрсету.

Ашық сынықтарға анықтама

Ашық сынық деп сынық аймағында тері бүтіндігі бұзылып ол сыныққа дейін еніп енбеуіне байланыссыз жара болған кездегі сыныққа айтамыз. (А.В.Каплан, О.Н.Маркова, 1975ж.).

Ашық сынықтарда жара пайда болу механизмі мен мерзіміне байланысты бөлінеді:

- **біріншілік ашық сынықтар**, Сынық пен тері бүтіндігінің бұзылуы тікелей сыртқы әсер етуші күштің әсерінен болады;
- **екіншілік ашық сынық**, сынық ұштарының тері бүтіндігін ішінен жарақаттап тері бүтіндігін бұзуы;
- **атылған ашық сынықтар**, представляют собой особый вид переломов, которые будут рассматриваться в курсе военно-полевой хирургии.

Ашық сынықтар классификациясы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 19 беті

Қазіргі уақытта ТОЗО классификациясы қабылданған. Классификацияға сәйкес жара көлемі мен тіннің жарақаттану ауырлығына байланысты ашық сынықтар төрт дәрежеге ажыратылады.

Мысалы:

1. I А, I Б дәрежедегі ашық сынықтар – жара көлемі 1,5 см, алайда жұмсақ тіндердің мыжылып жаншылуы бар.
2. IV дәреже – арнайы, өте ауыр, аяқ қолдардың өмірге қабілеттілігінің жоғалуымен өтеді. (сүйек тіндері мен жұмсақ тіндердің ұзақ уақыт бойы көлемді жаншылулары, үлкен магистралді қан тамырлардың жарақаттануы). Классификациямен толығырақ тәжірибелік сабақта анықтама беріледі.

Ашық сынықтардың асқынулары

Ашық жарақаттардың асқынулары жалпы және жергілікті, ерте және кеш болып бөлінеді. Жалпы асқынуларға – шок және қан жоғалту.

Ерте жергілікті асқынулар – қантамыр мен нерв тамырларының зақымдануы.

Кеш жергілікті асқынулар – іріңді инфекцияның дамуы, эрозивті қан кетулер және остеомиелиттер. Іріңді асқынуларда сонымен қатар токсикорезорбтивті қызба және сепсис те кездеседі.

Ашық сынықтарда этапты емдеу

Ашық сынықтарда барлығы көрсетілген алғашқы көмектің дұрыстығына байланысты болады.

Ашық сынықтарда алғашқы көмек

1. Науқастың жағдайын визуалді бағалау.
2. Үлкен қан тамырларынан қан кеткен жағдайда жгут салу.
3. Асептикалық таңғыш қою. Наркотикалық жансыздандыру жүргізу.
4. Транспортты иммобилизация жүргізу.
5. Керек болған жағдайда инфузионды терапия жүргізу.
6. Шектелінген ашық сынықтар кезінде науқастар тікелей апат ошағынан орталық аудандық ауруханаға жарақат бөліміне немесе хирургия бөліміне тасымалданады.
7. Шектелінген ашық жарақаттарда шок және жедел анемия сонымен қатар политравма кезінде міндетті түрде интенсивті терапия жасалып тасымалданады.

Ашық жарақаттарда іріңді асқынулардың алдын алу.

1. Жара айналасына немесе бұлшық ет ішіне жоғары спектрлі антибиотиктерді енгізу
2. Ең сенімді профилактика тәсілі бұл – ұқыпты жасалынған біріншілік хирургиялық өңдеу. БХӨ анықтама беріледі.

Ашық жарақаттарда іріңді асқынуларды болдырмау және микробтардан тазарту мақсатында келесі шаралар жасалынады

1. Жараны асептикалық ерітінділермен ағынды жуу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 20 беті

2. Сызганов-Ткаченко тәсілімен сүйекшілік жуу.
3. Ультрадыбысты кавитация.
4. Қабатты ирригационды-аспирационды дренаж.
5. Лазеротерапия.
6. Артериалді катетер арқылы антибиотикті антисептиктермен енгізу.
7. Изоляция в управляемой абактериальной среде.
8. Гипербариялық оксигенация.
9. Антибактериалді терапия.

Ашық сынықтар емдік иммобилизация

- Гипті таңғыш;
- Қаңқалық тарту;
- Илизаров аппаратымен немесе стерженді аппараттермен ошақтан тыс фиксациялау;
- **Металлоостеосинтез ашық сынықтарда қарсы көрсетілім болып табылады!** Ірінді қабыну қаупін арттырады

4. Көрнекілік құралдар:

5. Әдебиеттер:

6. Бақылау сұрақтары:

1. Жабық сынықтарға анықтама
2. Жабық сынық классификациясы
3. Жабық сынықтар диагностикасы.
4. Жабық сынықтарда емдеу тактикасы
5. Тұрақты остеосинтез.
6. Жабық сынықтан кейін репаративті регенерация.
7. Асқынулары.
8. Ашық сынықтарға анықтама.
9. Классификациясы.
10. Диагностикасы.
11. Ашық сынықтарда БХӨ ерекшеліктері.
12. Ашық сынықтарда ем ерекшелігі.

Дәріс 4

1. Тақырып: Сынықтарды емдеудегі заманауи оперативті емдеу принциптері. Компрессионды-дистракционды емдеу әдістері. Сынықтарды емдеуде қателіктер мен асқынулар (екіншілік ығысу, кешеуілдеген консолидация, бітіспеуі, жалған буындар).

2. Мақсаты: Сынықтарды емдеудің заманауи әдістері мен жалпы принциптері түсіндіру маңыздылығын айқындау.

3. Дәрістің тезисі: **Сынықтарды емдеу**

Сынықтарды емдеудің негізгі принциптері

I. Алғашқы дәрігерге дейінгі, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және транспорттық иммобилизация.

II. Жансыздандыру.

III. Орнына келтіру (Репозиция).

IV. Фиксация.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 21 беті

V. Функцияны қалыпқа келтіру.

Бірінші принцип - Алғашқы дәрігерге дейінгі, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және транспорттық иммобилизация.

Кез келген жарақат кезінде медициналық көмек неғұрлым жедел жасалу керек. Ең дұрысы жарақат алған адамды сол мезетте арнайы стационарға жеткізу. Дегенмен, алғашқы көмекті жарақат алған жерде көрсетуге тура келеді, сондай-ақ ол жерде көбінесе медициналық қызметкер де, емдік-диагностикалық манипуляцияға қажет жағдай да болмайды.

Егер жарақат пен апаттың жағдайларын ескермесек, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсетуді екі кезеңге бөледі— ауруханаға дейінгі және ауруханалық.

Ауруханаға дейінгі кезеңге стационардан тыс емдік-профилактикалық мекемелерде көрсетілетін барлық медициналық көмек түрлері кіреді: тікелей проишес орнында, жарақат алушының үйінде, “жедел медициналық көмек” машинасында, амбулаторлық медицина мекемесінде. Алғашқы көмекті оқиға орнында қолда бар материалдарды қолдану арқылы жасайды. Ол кезде симптоматикалық медициналық көмек көрсетеді.

Алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті медбике не фельдшер, арнайы құралдары бар, сонымен қатар дайындықтан өткен адамдар: құтқарушылар, пожарники, ГИБДД қызметкерлері көрсете алады, себебі олар арнайы медициналық көрсету дағдыларын меңгерген. Диагноз қоймайды, өмірге қауіп төндіретін бұзылыстарды айқындап алады. Медициналық көмекті синдромға байланысты жүргізеді.

Алғашқы дәрігерлік көмекті жалпы профиль дәрігерлері көрсетеді— «жедел медициналық көмек» көрсету бригадасы дәрігерлері, жанұялық дәрігерлер, үлескелік дәрігерлер, аудандық поликлиниканың үлескелік дәрігерлері. Бұл көмек түрі кезінде ешқандай операция, сүйек жарғақшаларын орнына келтіру манипуляциялары, қосымша зерттеулер (соның ішінде рентгендік) жасалмайды, бірақ қарау барысында болжам диагноз жасалу керек.

Арнайы медициналық көмекті жалпы профиль хирургі амбулаторлық мекеме жағдайында көрсетеді, мысалы, поликлиниканың хирургиялық кабинетінде. Ол жарақатталған жұмсақ тіндердің БХӨ жасай алады, бірақ үлкен қалаларда травматологиялық пункттер бар, онда дәрігер-травматологтар жұмыс істейді және кез келген жарақатпен науқастар сол жерге барады.

Травматологиялық пункттерде шұғыл арнайыланған медициналық көмек көрсетіледі, сонымен қатар жеңіл жарақаттарда емдік шаралар жүргізіледі. Дәрігер-травматолог қосымша зерттеу жүргізе алады, яғни науқас диагнозын нақтылап, оған арнайыланған стационарға жолдама қажеттігін не амбулаторлы түрде емдеуге болатындығын анықтау үшін. Травматологиялық пунктта операция жасалынбайды, бірақ дәрігер гипсті таңу жасап, ем барысын қадағалап, реабилитациялық шаралар жасайды.

Ауруханалық кезең— стационарлық емдік мекемедегі медициналық көмек, оған квалифицирленген медициналық көмек (оны жалпы профиль хирургы анестезиолог-реаниматологтың қатысуымен көрсетеді), арнайыланған медициналық көмек (дәрігер-маман-травматолог, комбустиолог, нейрохирург қатысуымен).

Арнайыланған көмек өзі екіге бөлінеді: шұғыл арнайыланған көмек (шұғыл, жедел көрсеткіштер бойынша манипуляциялар мен операциялар) және арнайыланған ем (ірі медицина орталықтарында жасалады және оған көрсеткіш болса қосымша тексерулер, кезеңдік арнайыланған емдеу, реабилитациялық шаралар жатады.)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 22 беті

Ауруханаға дейінгі кезеңнің негізгі мәселелері: науқас өмірін сақтау, ағзаның өмірлік маңызды функцияларын сақтау, өмір мен денсаулыққа қауіпті асқынулардың алдын алу, емдік мекемеге науқасты тасымалдау.

1. Жүрек-өкпелік реанимация

Тыныс алу не жүрек қызметі тоқтап қалған кезде міндетті түрде ABC ережесі бойынша реанимациялық шараларды жүргізу керек (жоғарғы тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру, өкпенің жасанды вентилиациясы, жүрек массажы).

2. Шокка қарсы шаралар комплексі

Шокка қарсы шаралар неғұрлым тез жасалу керек, тіпті анық қауіпті бұзылыстар байқалмаса да.

Жарақаттық шок терапиясына:

1. Коллоидты ерітінділерді тамыр ішілік енгізу арқылы ЦҚК(ОЦК) қалпына келтіру – полиглюкин 400,0 мл., стабизол 400,0 мл. Олар жоқ болса, онда тұзды ерітінділерді (кристаллоидты) – физ.ерітінді 0,9% - 400,0 мл, глюкоза 5% - 400,0 мл. т.б.,
2. Гормонотерапия – полиглюкин не стабизол ерітіндісі бар флаконға 60-90мг преднизолон қосады.
3. Жансыздандыру – наркотикалық не наркотикалық емес анальгетиктер (б/і не к/і), көрсеткіш пен кері көрсеткішті ескере отырып.
4. Оксигенотерапия – оттегіге қаныққан қоспамен ингаляция (таза оттегі емес, себебі ол өкпе ісінуін тудырады), ингаляциялық маска көмегімен.

3. Жүрек пен тыныс алу қызметін қалыптастыру. Қан қысымын медикаментозды коррекциялау және тыныс алуды стимуляциялау симптоматикалық ем болғанымен, ауыр жарақаттарда науқастың өмірін сақтап, патогенетикалық ем жүргізу мен арнайыланған стационарға тасымалдағанша уақытты ұтуға септігін тигізеді.

4. Шокогенді фактордың әсерін жою. Оған зардап шеккенді соғылған көліктен алып шығу, отты сөндіру, электр тоғы әсерін тоқтату, т.б. шаралар кіреді. Зардап шеккен адамды құтқару кезінде оған қосымша жарақат тигізіп алмау керек. Бұл жағдайда медициналық қызметкерден көрі профессионал құтқарушылардың көмегі керек, себебі олар арнайы дайындықтан өткен және арнайы жабдықтары бар.

5. Қан кетуді тоқтату. Ауруханаға дейінгі кезеңде (операция жасауға мүмкіндік жоқ жағдайда), тек қана сыртқа қан кетуді тоқтатуға болады, яғни қанды уақытша тоқтату, себебі толық тоқтатуға жараның ревизиясы мен оны таңу және қан тамырларының реконструкциясы қажет, ал оны тек стационарда жасайды. Уақытша тоқтатуда артерияны саусақпен қан кету орнынан проксимальды жерден басу; шынтақ, тізе, жамбас буындарында аяқ-қолды максимальды бүгу; қан тоқтатушы жгут салу; басып таңу — венозды не капиллярлы қан кетуді тоқтату үшін, не қан кетіп жатқан тамырға зажим салу

Ауруханаға дейінгі кезеңде .

Сынықтары бар науқастарға жансыздандыру жасау тәсілі көмек түрі мен зақымдану ауырлығына байланысты.

Ауруханаға дейінгі кезеңде қазіргі уақытта жекеленген сынық түрінде наркотикалық анальгетиктер кең қолданылады – промедол, омнопон, морфии, морфилантты димедрол және анальгинмен бірге. Анальгетиктерді тек бұлшықетішілік енгізеді. Бұл препараттар ауырсынуды басу әсерімен қатар жанама әсер көрсетеді. Біріншіден тыныс алуды тежейді, азырақ қан айналысын а әсер етеді. Оларды іш қуысы мүшелерінің зақымдануына күмән барда қолдануға болмайды. Политравма кезінде жалпы жансыздандыру жасайды. Қазіргі кезде кең таралғаны Петровский-Ефуни тәсілімен жансыздандыру және наркоз, азот пен

QONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 23 беті

оттегіні 2:1, 4:1 қатынасында, ол көктамыр ішілік балансиленген көпкомпонентті жансыздандыруға. Витальды бұзылыстармен (тыныс бұзылысы, қан кету, шок т.б.) политравма кезіндегі жансыздандыру ерекше қиын. Ондай науқастарға жедел көмектің арнайы реанимация-травматологиялық бригадалар көмегі қажет.

Фиксациялаудың консервативті әдістері.

Барлық әдістерді екі топқа бөледі – консервативті және оперативті. Олардың сынықтарды емдеудегі маңыздылығы бірдей. Сынықты емдеудің бір ғана универсалды әдістің болуы мүмкін емес, әрбір әдістің өзінің көрсеткіштері мен кері көрсеткіштері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Консервативті әдістер мүмкін эффективтілігі бойынша төмен болып келеді, бірақ тәжірибелі қолда, көрсеткіштері бойынша қолданылған болса эффективті.

Емдеудің консервативті әдістеріне жатады: жағдаймен емдеу, гипстік байлаумен және тұрақты тартумен емдеу. Олар негізгі және қосымша әдіс ретінде қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, сынықтың бітуді стимуляциялауға, ауырсыну синдромын шешуге, жергілікті қабыну реакцияларын төмендетуге бағытталған әдістері бар.

1. Жағдаймен емдеу.

Жағдаймен емдеуді жиі функционалды әдіс деп атайды, бірақ ол дұрыс емес. Функционалды әдіс емдеудің толық кезеңінде зақымданған сегментінің функциясын толық немесе жартылай сақталуын қамтамасыз етеді. Жағдаймен емдегенде сыртқы немесе батырмалы фиксаторлардың көмегінсіз иммобилизация жүзеге асырылады. Мысал ретінде, жамбас сүйектерінің тұрақты сынуы кезінде “бақа жағдайында” емдеу, омыртқаның бел аймағының тұрақты компрессионды сынуы кезінде валикпен қатаң төсектік тәртіпті сақтаумен емдеу. Осы әдістің артықшылығы – фиксациялаушы байлауды қажет етпейтіндігі, кемшілігі – ұзақ уақытты қозғалыссыз жату, бұл жағдай қарт адамдарға және созылмалы аурулары бар адамдарға жағымсыз әсер көрсетеді. Бұл әдістің қолдану сферасы сынықтың нақты локализациясымен, ұзақ қозғалыссыз жатумен байланысты кері көрсеткіштермен шектелген.

2. Жұмсақ таңу.

Жұмсақ таңу емдеудің жеке және қосымша әдісі ретінде қолданады. Емдік иммобилизация мақсатымен дәкелі бинт немесе дәкелі мата қолданылады. Кейбір кең таралған жұмсақ байлау түрлерін фабрикада жасайды (қолға арналған қосынқалы байлау, тізе, шынтақ, шынтақ-білек буынына арналған эластикалық матадан жасалған).

Жұмсақ таңудың жеке иммобилизация әдісі ретінде негізгі артықшылықтары – науқас үшін ыңғайлығы (таңудың минимальды қосымша массасы, жұмсақ тіндердің қысылуының болмауы) және байлау астындағы тіндерді үнемі бақылау мүмкіншілігі.

Кемшіліктері-қатты иммобилизацияның жеткіліксіздігі, үнемі коррекцияның қажеттілігі, фиксацияның әлсіреуі кезінде немесе бинттің кірлеуі кезінде оны ауыстыру керектігі. Сондықтан да жұмсақ таңуды қолданудың шектелген көрсеткіштері бар.

Дәкелі таңу үнемі қадағалауды қажет етеді және адекватты емес науқастарда емдік иммобилизация мақсатымен қолданыла алмайды.

Кең таралған таңу түрлері Дезо, Вельпо, Дельбе сақиналары, 8-тәрізді, қосынқалы.

3. Гипстік таңу

Гипс-сусызданған кальций сульфаты, егер оған су қосса ботқа тәрізді массаға айналып тез қатады. Альтернативті әдістердің пайда болуына қарамастан, 100 жылдан астам гипс зақымданулардың сыртқы мобилизациясы үшін оптимальды материалы болып табылады. Таңу үшін гипстік бинттер мен лонгеталар қолданылады. Гипстік бинтті немесе лонгетаны жылы суға салып, көпіршіктердің шығуының тоқтауын тосады, судан алып

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 24 беті

шығып, сығады. Гипстің қатуы кезінде экзотермиялық реакция болады да таңу біршама қызыды. Гипстің қатуы мен оның толық кебуінен ажырату керек. Гипстің қатуы үшін бірнеше минут жеткілікті. НЕғұрлым гипс салған су суық болса, соғұрлым оның қатуы ұзақ болады. Судың температурасы жоғарлаған сайы бұл процесс жылдамдайды. Судың температурасы 15 С болғанда гипс 10 минут ішінде ал 40 С- та 4 минут ішінде қатады. Ал гипсті өте ыстық суға салу оның мүлде қатпауына әкелуі мүмкін. Гипстің толық кебу үшін оның қалыңдығына байланысты бірнеше сағаттардан – 1-2 тәулікке дейін уақыт қажет, бірақ бұл процессті таңуды арнайы лампалармен немесе фенмен өңдеу арқылы жылдамдатуға болады. Гипс толық кепкенше буындардығы аздаған қозғалысты да болдырмау керек, кері жағдайда бүккіш бетте қатпарлар мен жарықтардың пайда болуы мүмкін және иммобилизацияның дұрыс болмауы мен жұмсақ тіндердің қысылуын, ойылуды шақырады.

Гипстік таңуды қолмен немесе аппаратпен бір сәтті репозициядан кейін және арнайы гипстік таңу бөлімінде салады.

Гипстік фиксациялаудың артықшылықтарына жатады:

1. Жеңіл моделденеді
2. Тез қатады.
3. Жеңіл шешіледі.
4. Кез келген жағдайларда қолданыла алады.
5. Аяққа немесе қолға жақсы тыныштық береді.
6. Науқастар транстабельді және амбулаторлы емделе алады.

Кемшіліктерге жатады:

1. Сынықтың толық қозғалмауын қамтамасыз ете алмайды.
2. Таңуды салған уақытта және ісіну кеткеннен кейін сынықшалардың екіншілік ығысуы жиі кездеседі, әсіресе бұл жағдай диафизарлы бөліктегі сынықтарда: винт тәрізді, жарықшақты, сегментарлы, көлденең сынықтарда болады.
3. Аяқты немесе қолды ұзақ фиксациялау буындардағы қозғалыстың шектелуіне, бұлшықет аппаратының атрофиясына әкеледі.
4. Науқас үшін ыңғайсыздығы.

Гипстік таңумен емдеуге көрсеткіштер:

1. Аяқ және қол сүйектердің орнынан таймаған сынықтарында.
2. Буын ішілік және буын айналасындағы бір сәтті репозициядан кейінгі сынулар.
3. Бір сәтті репозициядан кейінгі диафизарлы бөліміндегі сынулар.
4. Буын байламдарының зақымдалуы.
5. БХТ кейінгі ашық стабильды сынулар.
6. Буындардың соғылуы.

Гипстік таңудың лонгетті және циркулярлы түрлерін ажыратады.

Лонгетті гипстік таңу алдын-ала дайындалған 6-12 гипстік бинттен тұратын пластан жасайды. Сонымен қатар фабрикалық әдіспен жасалған нақты размерлі лонгеталар қолданылады. Эффе́ктивті иммобилизация үшін лонгетті таңу қол немесе аяқтың көлемінен 2/3 аз болмау керек.

Лонгетті таңудың артықшылықтарына жатады:

- Гипстік таңумен жабылмаған жердегі терінің жағдайын бақылау мүмкіндігі;
- Таңуды кезеңді түрде шешу мүмкіндігі;
- Тіндердің ісінуі ұлғайған кезде жұмсақ тіндер ишемиясы даму қаупінің төмендеуі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 25 беті

Қажет болған жағдайда лонгетті таңу гипстік бинттердің бірнеше турлар көмегімен циркулярлы таңуға ауысуы мүмкін.

Циркулярлы гипстік таңу толық иммобилизацияны қамтамасыз етеді. Таңудың “классикалық” вариантында бинтті суға салып сықаннан кейін шеттен ортаға қарай таңу салады. Бинттің әрбір келесі туры алдындағысын 2/3 бөлігіне жабу керек. Әрбір 2-3 турдан кейін таңуды модельдейді. Таңудың жоғары шетіне жеткенде, таңуды дистальды бөліктен бастап қайталайды, солай бірнеше рет жасайды.

Ісінудің ұлғаюы кезінде циркулярлы таңу ишемиялық контрактура мен аяқ- қолдың некрозына дейін әкелетін ишемиялық бұзылыстарға әкелуі мүмкін.

Ісінудің ұлғаю қаупі жоғары болған жағдайда (жаңа травмада, операциядан кейін) циркулярлы гипстік таңу салынбау керек.

Егер ісінудің ұлғаю қаупі жоқ болса да циркулярлы гипстік таңуды салғаннан кейін, иммобилизацияланған сегмент 1 тәулік бойы стационарлы бақылауда болу керек.

Гипсті циркулярлы таңудың бірнеше нұсқасы бар, олардың әрқайсысында өзінің ерекшеліктері мен қолдануға көрсеткіштері бар.

Гипстік таңуды салудағы асқыну:

Циркулярлық таңуды салғаннан кейін ісіну кезінде магистральды тамырлардың ишемиысы болуы мүмкін (Фолькман контрактурасы).

1. Қатты таңуда ойылу.
2. Ұзын түікті сүйектердің сегментарлық, жарықшақты, винт тәріздес және қиғаш сынуы кезінде екіншілік орнынан таюы.
3. Буындар контрактурасы.
4. Бұлшықет аппаратының атрофиясы.

4. Ортопедиялық сыртқы фиксаторлар.

Соңғы жылдары өндірістік тәсілмен өндірілген сыртқы фиксаторлар кеңінен қолданылуда (эластикалық бекітуші таңу, ортездер). Олардың гипсті таңуға қарағандағы артықшылықтары ішінде науқастың салыстырмалы қолайлылығы, аз салмағы, беріктігін, сыртқы эстетикалық түрі, қозғалыс амплитудасы. Реттелетін шарнирлерді қолдану мүмкіншілігін атап айту керек.

5. Қаңқалық (тұрақты тарту).

Тері үсті және қаңқалық тартуды ажыратады. Қаңқалық тарту кезінде тартуды тікелей сүйектен металл спицасы, шуруп немесе винтті оймасы бар стержні көмегімен жасайды. Тері үсті тартуы кезінде тартуды теріге медициналық клей, лейкопластырь, сондай-ақ арнайы жұмсақ манжетаны қолдану арқылы жасайды.

Үлкен жүктерді тұрақты қолдану кезінде ересектер травматологиясында кеңінен таралған қаңқалық тарту оптимальды болып табылады. Балаларда жүктер шамасы аса үлкен емес, ал өсетін сүйекті қосымша зақымдамау үшін тері үсті тарту қолданылады (мысалы деформациялатын остеоартроз кезінде).

Қаңқалық тартудың қарсы көрсеткіштері аз. Қаңқадан тартудың негізгі принциптері:

- Зақымданған сегментінің бұлшықеттерін біраз босату
- Сүйек сынықшалардың орнынан таюын біртіндеп жою
- Репозицияны ұстау үшін қажетті бағыттағы тұрақты тарту арқылы

Қаңқалық тартудың артықшылықтары болып, ең алдымен зақымдану аймағына бақылау үшін қол жету кеңдігі, таңуды, емдік шараларды, зерттеулерді жүргізу мүмкіншілігі сүйек сынықшаларын ұзақ ұстауға ғана емес, содай-ақ оны түзетуге мүмкіншілік беретін кез-келген бағыттағы реттелетін тарту.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 26 беті

Қаңқадан тартуды салу қиын емес, алйда асептика және антисептика ережелерін дәл және қатаң сақтауды талап етеді. Сүйек арқылы спицалар мен шуруптарды өткізу орнында ісіну және инфекциялық асқыну, “спицалық остеомиелиттер” дамуына дейін баруы мүмкін.

Бұл манипуляцияны операциялық бөлмеде немесе арнайы жабдықталған стерильді таңу бөлмесінде жүргізу керек.Ірің жаралардың болуы осы аймақ та спицаларды өткізуге кері көрсеткіш болып саналады.

Ең кең таралған болып Кишнер спицасы арқылы тарту (ұзындығы 310 мм, диаметрі 2 мм), оны сүйек арқылы қол немесе электрлік дрельмен өткізіп, бекітеді және арнайы скобада тартады.

Қаңқадан тартумен қамтамыз етілуі керек созудың негізгі түрі болып, зақымданған сегмент осімен тарту болып табылады.Ол үшін зақымданудың локализациясына байланысты спицаларды өткізу нүктелері бар.

- *Ұршық аймағы*- санның орталық шығуы мен ұршық ойығының түбінің сынуында қолданылатын спецификалық нүкте
- Сан сүйегінің айдаршық үсті аймағы :спица ішінен сыртына қарай өткізіледі, енгізу нүктесі тізе үсті жоғары шетінен 1,5-2 см –ге жоғары (18 жасқа дейінгі балаларды өсу аймағын зақымдамас үшін , енгізу нүктесі 2 см- ге проксимальды орналасқан).
- Тобық үсті аймағы . спица балтыр сүйегінің осіне перпендикуляр проксимальды тобық үсті көбірек шығатын бөлігі жағынан 1- 1,5 см.
- өкше сүйегі: спица табан бетіне және тобықтың апикальды ұшынан балтырдың сыртқы жағынан болатын перпендикулярлары бар квадратының диагональдарының қиылысу нүктесіне енгізіледі.(спицаны енгізудің басқа тәсілі. Табанды тік бұрышпен орнатып, сыртқы тобықтың артынан табанына дейін және осы сызықтан тобықтың үстіне дейінгі сызықты жүргізіп екіге бөлеміз).
- Балтыр сүйегінің бұдыры. Спица сыртынан ішіне қарай ,негізу нүктесі бұдырдың үстінен 1 см дистальды және 1,5 см дорсальды енгізеді.
- Шынтақ өсіндісі: шынтақ буыныда бүгілген қолдың шынтақ өсіндісінен спица 2-3 см дистальды өткізіледі.

Спица әрқашан сегменттің осіне перпендикуляр енгізілуі керек.Кері жағдайда белдің миграциясы тесіп өтуіне , тартудың тиімсіздігіне әкеледі.Егер спица кортикальды қабатқа жақын өткізілсе, ол тесіп өте алады.Егер спица скобаға жеткіліксіз тартылса, ол иілуі, теріні тесіп өтуі және іріңдеуге әкелуі мүмкін.Спицаның теріден шығу нүктесі резеңке тығындармен бекітілетін спиртке батырылған дәкелі тампондармен жабылады.

Қол немесе аяқ саусақтары тырнақтарының фалангаларынан тарту кезінде осы фалангалар арқылы инемен жуан жіп немесе жіңішке сымды өткізедің одан кейін тұзақты жасап, қол немесе аяқ ұшында гипспен бекітілетін металды доғаны резеңке созғыштармен тартады.(18 сурет)

Қаңқадан тарту үшін жүк массасын дене массасына қатысты алады.Балтыр сүйегінің сынуы кезінде жүк массасы дененің 1/7 бөлігін, ал санның 1/6, жамбас сынуы кезінде 1/5 бөлігіне тең болады.Жүк салмағының жеткіліктігін бақылау рентгенограммалар немесе клиникалық жомен сегменттің салыстырмалы немесе абсолютті ұзындығын өлшеумен анықталады.Жүк шамасы сондай- ақ сынықшалардың ұзындық бойымен ығысуын сыну уақытына , науқастың бұлшықет массасына байланысты.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 27 беті

Бүкіл жүкті бірден ілуге болмайды, бұлшықеттердің лезде созылуы олардың жиырылуына әкеледі. Алдымен жүктің $1/3 - \frac{1}{2}$ бөлігін, одан кейін ақырындап 1 кг 1-2 сағ сайын ұлғайтады.

Аяқ және қолдарды тарту үшін, орнату жақсы нәтижеге жету үшін маңызы зор. Аяқтан тартқан езде науқасты матрацтың астына қатты шитті салады. Антогонист бұлшықеттердің тартуын теңістіру керек. Бұл Беллер шинасы арқылы жүзеге асады. (19 сурет) Эффе́ктивті тарту үшін тракция сегмен тосі бойымен жүзеге асырылуы тиіс қарсы жағдайда күштердің паралелограмм жіктелуіне сәйкес жоғалту болады. Демпферлік пружина скоба және жүк арасында орналасады және ол спица және сүйекке тікелей шина және төсектен кездейсоқ соққыларды өшіреді. Науқастық жүк әсерінен орын ауыстырмас үшін төсектің аяқ бөлігін біраз көтереді немесе сау аяққа қарсы тіректі орнатады (19 сурет) Сур. 19. Белер шинасымен сан және балтыр сынығында демпферлі қаңқадан тарту, сау аяққа қарсы тірекпен және төсекті көтеру.

Қолды қаңқадан тарту арнайы блок жүйесі арқылы төсекте жатып және арнайы әкеткіш ЦИТО шинасында тартылған серіппе арқылы жасайды.

Қаңқадан тартудың емдеу кезеңдері. Алдымен сүйек сынықшалардың репозициясына қол жеткізу керек. Репозицияның негізі болып сегменттің осі бойынша тарту арқылы орнынан таюды сүйектің ұзындығы бойынша жүргізіледі. Созылуға қарсы тұратын бұлшықеттің қажуы болу үшін жүкті біртіндеп қосу арқылы тракция жүргізіледі. Ені бойынша орнына таю осы кезде жоғалу мүмкін, сынықшалардың бұлшықет футлярында қысылуына байланысты. Ротациялық және ені бойынша орнына таюды спица бекітілген скобаның жағдайын ауыстыру арқылы немесе қосымша жүкті қолдану арқылы гипсті немесе бинтті пелоттар, тіреуі бар қосымша спицалар. Қаңқадан тартудағы репозицияны клиникалық және рентгенологиялық бақылаумен бітіндеп жүзеге асырады. Бұл кезең 7-10 тәулікке созылады. Сәтті репозиция жағдайында фиксация жасалуы керек. Жүктің салмағын біртіндеп бастапқы салмағының $\frac{1}{2}$ дейін төмендетеді. (диастаздың пайда болуымен сынықшалардың шектен тыс созылуына жағдай бермеу керек). Циркулярлы таңу арқылы жүзеге асатын осындай иммобилизацияны қаңқадан тартуда жасай алмаймыз. Бірақ та сыну аймағындағы аздаған қозғалыс микрогематоманың пайда болуына, ал ол остеогенездің үдеуіне ықпал жасайды. Фиброзды сүйел пайда болғаннан кейін, қаңқадан тартуды шешіп сынықтың толық консолидациясына дейін сыртқы фиксатор салуға мүмкіндік туады. Кейбір жағдайларда сыртқы фиксатор салынбайды, онда қаңқадан тарту емдеде иммобилизацияның жалғыз әдісі болып табылады.

Қаңқадан тарту арқылы емдеуге негізгі көрсеткіштері:

1. Емдеудің жеке әдісі ретінде:

- Қол фалангілерінің, жауырын, өкше сүйектің, балтыр сүйегінің, йық, сан сүйегінің буын ішілік және буын сыртында орналасқан сынудың репозициясы және оны бекітіп ұстау үшін.
- Ұршық түбі ойығы сынуында жамбас-сан буынның репозициясы
- Жамбас сақинасының бүтіндігінің бұзылуы және орнына тайған жамбас сүйектерінің сынуы

2. Емдеудің қосымша әдісі ретінде:

- иық және жамбас буындарының ескі шығуын орнына салуға дайындығы ретінде
- сынулардың оперативті емге дайындығы ретінде
- Тері аурулары, айқын ісіну кезіндегі сынудың иммобилизациясы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 28 беті

- Деформациялаушы остеоартроздың комплекті емі кезінде жамбас-сан және тізе буындарды босату.

Сүйек регенерациясының стимуляциясы және жалпы ем.

Катоболизм процесстерінің күшеюіне байланысты ақуыз,минералды заттардың микроэлементтердің орнын толтыруы организмнің ішкі ресурстарынан ғана емес, сонымен қатар сыртынан да болу керек (медикаментозды және инфузиоды терапия, толық құнды рациональды тамақтану).Тамақ жеңіл қорытылатын, колорий мен құрамы бойынша толық құнды болу керек.Рационға ет, балық, жұмыртқы ,қышқылды сүт өнімдерін, көкөністер мен жемістерді енгізуі керек.

Травмадан кейінгі алғашқы күндері қанда қанттың мөлшері жоғарлауы мүмкін,бұл жағдайға қант диабеті бар науқастарды емдегенде аса назар аудару керек.

Медикаментозды терапияда анальгетиктерді белок препараттарын, В тобындағы витаминдерді қолданады.Сүйек регенерациясының екінші сатысы басталғаннан кейін (10-14 тәулік) кальций препараттарын қолданғаны жөн.Сүйек регенерациясына оң әсер ететін препараттар:алоэ, шыны тәрізді дене, ФиБС.

Сонымен қатар науқастың психологиялық жағдайына ,оның дәрігермен серіктестік санасына көңіл аудару керек.Қарсы жағдайда емдеу эффектісі төмен болады.

Гипербариялық оксигенация арнайы барокамерада организм деңгейіндегі(травмалық шок, қан кету) және жергілікті(аяқ- қолдың ишемиясы, анаэробты инфекция) ишемияны жою үшін қолданады.

Сонымен қатар УВЧ терапияны,электростимуляцияны,лазеротерапияны,магнитотерапияны, инемен емдеу, бальнеотерапияны қолданады.

Массаж микроциркуляцияны, тіндердегі жергілікті зат алмасу процесстерін жақсартады, бұлшықеттердің жиырылуын жоғарлатады, перифириялық жүйке жүйесінің қозғыштығын төмендетеді.

Емдік дене шынықтыру травмадан кейін бірінші күндерден бастап жүргізіледі және бірнеше мақсаттары бар:жалпы күшейтуші әсер, гиподинамия салдарының профилактикасы, бұлшық ет атрофиясымен күрес, контрактуралардың емі мен профилактикасы.

Фиксацияның оперативті әдістері.

Оперативті емдеу туралы көзқарас медицинаның жаму дәрежесіне байланысты өзгеріп отыратын. Адекватты анестезияның пайда болуын байланысты оперативті емдеуге көрсеткіштерің спектрі кеңейтілді.

Сүйек тіннің регенерациясы туралы көзқарас кеңейтілді.Имплантанттардың жаңа түрлері шығарылды.

Дегенмен де, оперативті әдіс емдеудің жалғыз әдісіболып табылмайды , оның артықшылықтары мен кемшіліктері бар және ол қатаң көрсеткіштері бойынша тағайындалу керек.

Оперативті емдеу тәсілінің артықшылықтары:

- Сүйек сынықшаларының максимальды дәл репозицияны орындау мүмкіндігі (ол әсіресе буын ішілік сынуларды маңызды,себебі буын беттерін сәкес болуына байланысты оның функциясының қалпына келуі байланысты болады)
- Сүйек тіннің дефектісі кезінде сүйек реконструкцияның мүмкіншілігі
- Сүйек сынықшалардың тұрақты фиксацияны қамтамасыз ету мүмкіншілігі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 29 беті

- Бұлшықет, байлам, сіңірлердің берік қалпына келу мүмкіншілігі
- Науқастың ерте активизациясы мен зақымдалған сегментке ерте күш түсіру мүмкіншілігі
- Үнемдеу эффективтілігі. Емдеудің барлық компонентерін (стационарда болуы, амбулаторлы емі, реабилитацияны өткізу, жұмысқа қабілетінің мерзімі) ескере отырып, ерте оперативті ем консервативті емге қарағанда шығынның аз болатыны көрсетті

- Науқас үшін емнің қолайлығы

Оперативті емдеу тәсілінің кемшіліктері:

- Қосымша оперативті жарақат жаса қажеттілігі, әртүрлі анестезия түрлерін жүргізу
- Инфекциялық асқынулардың даму қаупі
- Ке жағдайларда фиксаторларды алу үшін екінші операцияның қажеттілігі
- Инфекциялық асқыну кезінде оперативті ем арзаннан ең қымбат ем түріне айналады.

Сынуды оперативті емдеуге көрсеткіштер:

- Жабық әдіспен қанағаттанарлық репозицияға жету мүмкін еместігі(жарақат локализациясына және жұмсақ тіндер немесе сүйек сынықшалардың интерпозициясына байланысты)
- Зақымдалу зонасының анатомиялық ерекшеліктері, операциясыз сынудың бітуі мүмкін емес(шынтак өсіндісінің сынығы, мықын сүйегінің алдыңғы жоғарғы қырының жұлынуы)
- Орнынан тайған сүйек сынықшаларының тамырлы-нерв шоғырын зақымдану қаупі және теріні тесіп өту қаупі болса
- Ашық сынулар(инфекциялық аурулар профилактикасы үшін сүйек жараның хирургиялық өңдеу мен сынықшалардың максимальды иммобилизация қажеттілігі)
- Тамыр және нервтердің зақымдауымен асқынған сынықтар
- Сынықшалардың орнына таюымен сегментарлы сынықтар
- Жұмсақ тіндердің интерпозициясы

Оперативті араласуға көрсеткіштер спектрі кеңейеді:

- Буын ішілік сыну кезінде
- Қарт және әлсіреген науқастардың ерте мобилизациялау қажеттілігі
- Консервативті ем кезіндегі сынықтың баяу консолидациясы кезінде

Остеосинтездің жалпы принциптері:

Сынықтың бітуіне негіз болып- сүйек сынықшаларының қанмен қамтамасыз етілуінің сақталуы болып табылады. Онсыз идеальды репозиция да абсолютті фиксация сынықтың бітуіне әкелмейді. Бірақ та кез-келген оперативті араласу онсыз да бұзылған сүйектің қанмен қамтамасыз етілуін бұзады. Сонымен қатар сыну кезінде зақымдалатын жұмсақ тіндерді де еске сақтау керек. Операция барысында жұмсақ тіндерге қосымша жарақат жасау, олардың өмірге қабілеттілігін төмендетіп, жарлы инфекцияға және ригидті тыртықтың пайда болуына қолайлы жағдай жасайды.

Сынық фиксациясына 2 негізгі принцип қолданады- шина салу және компрессиялық.

Шина салу сүйек сынығының қозғалысын азайтып, шинаға күш түсіреді. Сынықтың консервативті емінде шина ретінде гипстік таңу пайдаланады, сүйек пен гипс аралығында көп мөлшерде жұмсақ мата тұрақтылықты сақтайды. Оперативті шина салуда имплантант ретінде пластина және штифтер, ошақтан тыс фиксациялық аппараттарға біздер және стержендер қолданады. Бір фиксаторлар (интрамедуллярлы штифтер) имплантатқа дейін сынықтардың жылжуын босатса, басқа (сүйек үсті) фиксаторлар жылжымай барлық күшті өзі көтереді. Фиксаторлар тәртіп бойынша тат баспайтын арнайы маркасы бар болаттан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 30 беті



және титаннан дайындалады. Фиксацияға тағы да ауто- және гомосүйек, көміртегі, арнайы сорғыш қасиеті бар полимерлер және материалдар қолданады. Қазір металл имплантаттар кең тараған. Шиналық имплантат сынық біткенше функциональды күшті көтеріп жүруі керек. Компрессия беткей тығыз қатынас жағдайда тұрақты әсер етеді. Бірақ қате түсінікте компрессия көп болған сайын сынық жазылуы жақсара түседі. Сүйек – бұл тірі тін, артық компрессияда аваскулярлы некроз және резорбция процесі дамиды. Компрессия мақсаты сынықты ұстап тұру. Компрессияда сынықтың перпендикулярлы бетінен арнайы шүріптермен біріктіре отырып, жүзеге асырады. Компрессиялық пластинка салар алдында кернеу салып, сонымен қатар «тартпалы ілмек» әдісі қолданады. Компрессия жасауда ошақтан тыс фиксация аппараты көп мүмкіндік береді.

Барлық имплантат бөгде зат ретінде инфекциялық асқынудың көзі болып табылады. Сондықтан остеосинтез орындау барысында асепика және антисептика жағдайын тиянақты сақтау қажет. Имплантат аймағының іріндеуі көп жағдайда жедел алып тасталынады, қолайсыз операция науқас кемтарлығына алып келеді.

Остеосинтез түрлері

1. Сүйекішілік –фиксатор сүйек миы өзегінде орналасқан. Бөлінеді:
 - Интрамедуллярлы (стандартты)- Кюнчера штифті, ЦИТО, ВНИИХАИ және т.б сүйекішілік штифт көмегімен жүзеге асырады. Бірақ бұл остеосинтез сүйек миы өзегін бұрғылауды қажет еткендіктен, майлы эмболия дамуы ықтимал. Фиксация қаттылығы штифтің фиксатормен үлкен алаң қатынасына байланысты.(бұрғылағаннан кейін).
 - Кондилоцефалиялық екі эластикалық штифт көмегімен жүзеге асырылады. Штифт енетін аймақ балтыр бұлшықеттер және сан сүйегі болып табылады. Фиксация қаттылығы штифт енетін нүктелер санының көбеюімен байланысты.
 - Тежеуші-сүйекішілік штифтің арнайы тесігінде тежегіш винттер және болттары бар арнайы Остеомид штифтері, Stryker және т.б көмегімен жүзеге асады. Сүйек миы өзегінің остеосинтезінде бұрғылауды талап етпейді, сондықтан операция кезінде жарақаттануды азайтады. Фиксация қаттылығы винт пен болттарға байланысты.
2. Сүйекүсті-фиксатор сүйек миы өзегінен тыс-сүйекте, тері астында орналасқан. Фиксатор ретінде пластина, винт және сымды қолданады.
 - Сүйек арқылы
 - Біздер
 - Стерждер
 - Комбинирленген бізді-стерждер.

Интрамедуллярлы фиксаторлар. Сүйек миы өзегінде стержді енгізгенде иілімдігі жоғары, ал ротациялық сынықтарды жаман ұстайды. Сондықтан стержен сүйек миы өзегінің қабырғасына тығыз жанасып, өзекті қосымша бұрғылағанда стержен диаметріне сәйкес келуі қажет. Стерженнің көптеген нұсқасын соның ішінде Кюнчера стержені, НИИХАИ, Богданова және т. б ұсынады. Тағы интрамедуллярлы остеосинтезге жуан біздер қолданады, олар сүйек миы өзегін толық толтырып тұрады. Бұл конструкциялар жетіспеушілігінен универсальды интрамедуллярлы штифтер жасалып шығарған, олар проксимальды және дистальды бөлікті тежеуге мүмкіндік береді. Остеосинтездің мұндай әдісі сынық орнын ашпай, қосымша сүйек миы өзегін бұрғылаумен және бұрғылаусыз рентген бақылауымен интраоперация жасалынады. Бүгін мұндай штифтер сан, ортан жілік, иық сүйек сынықтарының остеосинтезінде қолданады.




ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 31 беті

Интрамедуллярлы фиксаторлар.

а- Кюнчер; б- ВНИИХАИИ; в- Богданов; г- кондилоцефалиялық остеосинтез эластичалық стерженімен; д- интрамедуллярлы проксимальды және дистальды тежегіш; е- проксимальды сан PFH; ж- санның ретроградты штифі, бұрғылаусыз:

Шүріптер.Өздігінен фиксатор ретінде және сүйекке пластинаны бекіту мақсатына қолданады. Шүріптер кортикальды және спонгиозды(денесі жіңішке,тілгіштері терең) бөлінеді. Компрессия тудыру үшін арнайы дистальды бөлігін тесіп,тартып тұратын шүріптер қолданады.Тартып тұру мақсатында кәдігі кортикальды шүріп қолдануға болады, ол үшін жақын қыртысты қабатынын үлкен тесік бұрғыланады. Компрессиялық фиксацияда метафизарлы шекараға тесігі бар спонгиозды шүріптер қолданады.(сур.22)



Сурет.22 Остеосинтезге арналған шүріптер: а- кортикальды; б- спонгиозды; в- тартушы; г-канюлирленген:

Пластиналар.Есебіне байланысты бірнеше пластинкаларға бөлінеді.Қорғаныш пластинаның домалақ тесіктері сынықтарды бекітетін шүріптердің фрагмент аралық компрессиясынан кейін қосымша шиналық функция атқарады.Мұндай үйлесімдік сүйекүсті остеосинтездің ең қарапайым нұсқасы болып табылады.Тірек пластина буын аймағынның сынықтарын қозғалтпау мақсатында стандартты арнайы конфигурациялы (Т, L- қасықтәрізді) пластинкалар қолданады.



Пластина түрлері:

а-LC-LCP ұзын сүйектердің диафиз сынығының остеосинтезіне арналған; б- иық сүйектердің жоғарғы бөлік сынықтар остеосинтезіне арналған;в- шыбық сүйектердің дистальды метаэпифиз сынығының остеосинтезіне арналған; г- реконструктивті пластиналар; д- үлкен ұршық сүйегінің дисталды метаэпиз сынығының остеосинтезіне арналған;е- өкше сүйегінің сынығының остеосинтезіне арналған;


Сүйекүсті остеосинтез- сүйектің қыртысты қабатына жанасқан бетінде аваскулярлы некроз дамуы ықтимал.Мұндай некроз аумағы пластина көлеміне тәуелді.Пластина консолидация процесін бұзып, остеопароз дамуына әкеледі.

Сүйек арқылы остеосинтез (сыртқы фиксатор)

Зақымданған аймақтан алыста тұрса да сынықты қалпына келтіру қабілетімен ерекшеленетін остеосинтездің бұл түріне ошақтан тыс еген анықтама берген. Сүйек арқылы өтетін металл біздер крест тәрізді аяқасқан, өрнекті стержіндер мен олардың комбинациясынан қрылған арнайы конструкторлар кең таралған. Аппараттың компоненті сыртқы қалпын өзгерте отырып, сүйек сынығының репозициясын сатылы корекциямен жүзеге асыруға болады. Сынақ аймағының дистракциясын және компрессиясын тудырады. Сондай-ақ арнайы шарнир көмегімен буындар қозғалысын жүзеге асыруға болады. Ашық жән инфекцирленген жарақат кезінде ошақтан тыс остеосинтез әдісінде ауыр фиксаторды қолданудың қажеті жоқ.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 32 беті

Илизаров аппаратының элементтері: а- әр- түрлі ұштары бар біздер; б- жартылай сакиналы олардың байламдары; в- кронштейн түрлері, г- шарнирлі байламдары; д- біздер фиксаторлары; е- біз тартқыш; ж- сакинаға орнатылған біздер фиксаторлар нұсқасы; з- сүйек фрагментінің құрылысын өзгерту; и- шайбалар; к- винтті стерженнің




10. Босанудан кейін жамбас жарақаттары
11. Жамбасты қаңқалық тарту арқылы емдеу ;
12. Жамбас жарақатынан кейінгі мүмкін болатын ортопедиялық асқынулар

Дәріс 6

1. **Тақырып:** Политравма. Көптік, бірлескен, құрастырылған жарақаттар. Диагностикасы және хирургиялық тактикасы.
2. **Мақсаты:** Студенттерді политравмамен таныстыру, тез арада диагноз қою, госпиталға дейінгі, госпиталда дұрыс көмек көрсетуді түсіндіру. Талқыланып жатқан тақырыптың маңыздылығын түсіндіріп мотивация беру.

3. Дәрістің тезісі:

ПОЛИТРАВМА – жинақталған ұғым. Көптік, бірлескен, аралас және құрастырылған жарақаттар деп ажыратылады .

II. МОТИВАЦИЯ

Сонғы он жылдықта үздіксіз жиіленіп барлық механикалық жарақаттардың 20%-ын құрайды.

- 80% зақымдалушылар емдеу мекемелеріне шок жағдайында келеді, 25%-ында массивті қан кетумен, 8% ОЖЖның ауыр бұзылыстарымен келеді.

- Ауыр көптік жарақаттары бар науқастардың үштен екісі госпиталға аса ауыр жағдайда үштен бірі терминалді жағдайда әсіресе кездейсоқ транспортталған науқастар болып табылады (10-8%);

- ОЖЖның ауыр бұзылыстарында, сананың естің бұзылыстарында диагностикалау қиындайды;

- Доминант болып тұрған жарақатты айқындау қиындығы;

- Емдеу тактикасын таңдауда қиындығы догоспиталды жағдайда әсіресе;

- летальдылықтың жоғары болуы;

- мүгедектік артуы.

III. Жарақаттану классификациясы

1. **МОНОТРАВМА** – Бір ғана анатомофункционалды аймақта жекелеген травманың болуы.

2. **ПОЛИФОКАЛДЫ ЖАРАҚАТ** – бір сүйекте бір неше жерінің жарақат алуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 52 беті

3. Асқынған жарақат – Магистралды қан тамыр мен нерв тамырларының жарақатымен жүретін тірек қимыл аппаратының жарақатымен жүруі;

4. ПОЛИТРАВМА – Көптеген жарақаттан тұрады:

5. Көптік жарақат – тірек қимыл аппаратының екі немесе одан көп анатомофункционалды бөлігінің жарақаты.

6. Бірлескен жарақат – бір мезетте тірек қимыл аппаратының зақымдануымен қоса басқа жүйелердің де зақымдануы.

7. Аралас жарақат – әр түрлі жарақаттаушы фактор әсерінен алынған жарақаттар жиынтығы.

1V. Диагностикалау қиыншылықтары

1. Өзара ауыртпалық принципі
2. Симптомдардың жасырын өтуі
3. Симптомдардың қабаттасуы
4. Доминантты жарақаттың басым болуы
5. Симптомдардың ерте және кеш мерзімде байқалуы.

Егер жарақат пен апаттың жағдайларын ескермесек, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсетуді екі кезеңге бөледі— ауруханаға дейінгі және ауруханалық.

Ауруханаға дейінгі кезеңге стационардан тыс емдік-профилактикалық мекемелерде көрсетілетін барлық медициналық көмек түрлері кіреді: тікелей проишес орнында, жарақат алушының үйінде, “жедел медициналық көмек ” машинасында, амбулаторлық медицина мекемесінде. Алғашқы көмекті оқиға орнында қолда бар материалдарды қолдану арқылы жасайды. Ол кезде симптоматикалық медициналық көмек көрсетеді. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті медбике не фельдшер, арнайы құралдары бар, сонымен қатар дайындықтан өткен адамдар: құтқарушылар, пожарники, ГИБДД қызметкерлері көрсете алады, себебі олар арнайы медициналық көрсету дағдыларын меңгерген. Диагноз қоймайды, өмірге қауіп төндіретін бұзылыстарды айқындап алады. Медициналық көмекті синдромға байланысты жүргізеді.

Алғашқы дәрігерлік көмекті жалпы профиль дәрігерлері көрсетеді — « жедел медициналық көмек» көрсету бригадасы дәрігерлері, жанұялық дәрігерлер, үлескелік дәрігерлер, аудандық поликлиниканың үлескелік дәрігерлері. Бұл көмек түрі кезінде ешқандай операция, сүйек жарғақшаларын орнына келтіру манипуляциялары, қосымша зерттеулер (соның ішінде рентгендік) жасалмайды, бірақ қарау барысында болжам диагноз жасалу керек.

Арнайы медициналық көмекті жалпы профиль хирургі амбулаторлық мекеме жағдайында көрсетеді, мысалы, поликлиниканың хирургиялық кабинетінде. Ол жарақатталған жұмсақ тіндердің БХӨ жасай алады, бірақ үлкен қалаларда травматологиялық пункттер бар, онда дәрігер-травматологтар жұмыс істейді және кез келген жарақатпен науқастар сол жерге барады.

Травматологиялық пунктерде шұғыл арнайыланған медициналық көмек көрсетіледі, сонымен қатар жеңіл жарақаттарда емдік шаралар жүргізіледі. Дәрігер-травматолог қосымша зерттеу жүргізе алады, яғни науқас диагнозын нақтылап, оған арнайыланған стационарға жолдама қажеттігін не амбулаторлы түрде емдеуге болатындығын анықтау үшін. Травматологиялық пунктта операция жасалынбайды, бірақ дәрігер гипсті таңу жасап, ем барысын қадағалап, реабилитациялық шаралар жасайды.

Ауруханалық кезең—стационарлық емдік мекемедегі медициналық көмек, оған квалифицирленген медициналық көмек (оны жалпы профиль хирургы анестезиолог-

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 53 беті

реаниматологтың қатысуымен көрсетеді), арнайыланған медициналық көмек (дәрігер-маман-травматолог, комбустиолог, нейрохирург қатысуымен).

Арнайыланған көмек өзі екіге бөлінеді: шұғыл арнайыланған көмек (шұғыл, жедел көрсеткіштер бойынша манипуляциялар мен операциялар) және арнайыланған ем (ірі медицина орталықтарында жасалады және оған көрсеткіш болса қосымша тексерулер, кезеңдік арнайыланған емдеу, реабилитациялық шаралар жатады.)

Ауруханаға дейінгі кезеңнің негізгі мәселелері: науқас өмірін сақтау, ағзаның өмірлік маңызды функцияларын сақтау, өмір мен денсаулыққа қауіпті асқынулардың алдын алу, емдік мекемеге науқасты тасымалдау.

1. Жүрек-өкпелік реанимация

Тыныс алу не жүрек қызметі тоқтап қалған кезде міндетті түрде ABC ережесі бойынша реанимациялық шараларды жүргізу керек (жоғарғы тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру, өкпенің жасанды вентилиациясы, жүрек массажы).

2. Шокка қарсы шаралар комплексі

Шокка қарсы шаралар неғұрлым тез жасалу керек, тіпті анық қауіпті бұзылыстар байқалмаса да.

Жарақаттық шок терапиясына:

1. Коллоидты ерітінділерді тамыр ішілік енгізу арқылы ЦҚК(ОЦК) қалпына келтіру – полиглюкин 400,0 мл., стабизол 400,0 мл. Олар жоқ болса, онда тұзды ерітінділерді (кристаллоидты) – физ. ерітінді 0,9% - 400,0 мл, глюкоза 5% - 400,0 мл. т.б.,

2. Гормонотерапия – полиглюкин не стабизол ерітіндісі бар флаконға 60-90 мг преднизолон қосады.

3. Жансыздандыру – наркотикалық не наркотикалық емес анальгетиктер (б/і не к/і), көрсеткіш пен кері көрсеткішті ескере отырып.

4. Оксигенотерапия – оттегіге қаныққан қоспамен ингаляция (таза оттегі емес, себебі ол өкпе ісінуін тудырады), ингаляциялық маска көмегімен.

3. Жүрек пен тыныс алу қызметін қалыптастыру. Қан қысымын медикаментозды коррекциялау және тыныс алуды стимуляциялау симптоматикалық ем болғанымен, ауыр жарақаттарда науқастың өмірін сақтап, патогенетикалық ем жүргізу мен арнайыланған стационарға тасымалдағанша уақытты ұтуға септігін тигізеді.

4. Шокогенді фактордың әсерін жою. Оған зардап шеккенді соғылған көліктен алып шығу, отты сөндіру, электр тоғы әсерін тоқтату, т.б. шаралар кіреді. Зардап шеккен адамды құтқару кезінде оған қосымша жарақат тигізіп алмау керек. Бұл жағдайда медициналық қызметкерден көрі профессионал құтқарушылардың көмегі керек, себебі олар арнайы дайындықтан өткен және арнайы жабдықтары бар.

5. Қан кетуді тоқтату. Ауруханаға дейінгі кезеңде (операция жасауға мүмкіндік жоқ жағдайда), тек қана сыртқа қан кетуді тоқтатуға болады, яғни қанды уақытша тоқтату, себебі толық тоқтатуға жараның ревизиясы мен оны таңу және қан тамырларының реконструкциясы қажет, ал оны тек стационарда жасайды. Уақытша тоқтатуда артерияны саусақпен қан кету орнынан проксимальды жерден басу; шынтақ, тізе, жамбас буындарында аяқ-қолды максимальды бұгу; қан тоқтатушы жгут салу; басып таңу — венозды не капиллярлы қан кетуді тоқтату үшін, не қан кетіп жатқан тамырға зажим салу

Ауруханаға дейінгі кезеңде .

Сынықтары бар науқастарға жансыздандыру жасау тәсілі көмек түрі мен зақымдану ауырлығына байланысты.

QO'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASI «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 54 беті

Ауруханаға дейінгі кезеңде қазіргі уақытта жекеленген сынық түрінде наркотикалық анальгетиктер кең қолданылады – промедол, омнопон, морфии, морфиантты димедрол және анальгинмен бірге. Анальгетиктерді тек бұлшықетішілік енгізеді. Бұл препараттар ауырсынуды басу әсерімен қатар жанама әсер көрсетеді. Біріншіден тыныс алуды тежейді, азырақ қан айналысын а әсер етеді. Оларды іш қуысы мүшелерінің зақымдануына күмән барда қолдануға болмайды. Политравма кезінде жалпы жансыздандыру жасайды. Қазіргі кезде кең таралғаны Петровский-Ефуни тәсілімен жансыздандыру және наркоз, азот пен оттегіні 2:1, 4:1 қатынасында, ол көктамыр ішілік балансиленген көпкомпонентті жансыздандыруға. Витальды бұзылыстармен (тыныс бұзылысы, қан кету, шок т.б.) политравма кезіндегі жансыздандыру ерекше қиын. Ондай науқастарға жедел көмектің арнайы реанимация-травматологиялық бригадалар көмегі қажет.

Транспорттық иммобилизация. Иммобилизацияның транспорттық және емдік түрін ажыратады. Емдік иммобилизациядан транспорттықтың ерекшелігі-медициналық көмек көрсететін мекемегі зардап шеккенді жеткізгенге дейін зақымданған жерді иммобилизациялау. Сөйтіп, транспортты иммобилизация шоктың, тіндердің (тері, бұлшықет, тамыр, жүйке) сүйек жарықшаларымен екіншілік зақымдануының, инфекциялық асқынудың алдын алады.

Транспорттық иммобилизация көрсеткіштеріне сүйек пен буын, ірі қан тамыр мен жүйке бағаны, жұмсақ тіндердің массивті зақымданулары, күйік, үсу, аяқ-қолдардың ұзақ қысылу синдромы жатады. Кері көрсеткіштер жоқ десек те болады.

Транспорттық иммобилизация құралдарын екіге-стандартты шиналар және қолда бар құралдарға бөледі. Олар келесі талаптарға сай болу керек:

- Сенімді иммобилизация жасап, аяқ-қолды функциональды ыңғайлы жағдайда фиксация жасау;

- Қарапайым және көп уақытты алмау керек;
- Дайындауға ыңғайлы, портативті, жеңіл, арзан:

Транспорттық шина салу ережелері:

1. Транспорттық иммобилизация жарақат алған мезеттен кейін неғұрлым ерте жасалу керек.

2. Транспорттық шиналар жарақат алған сегментпен қатар екі жанындағы буындарға да салыну керек. Сан сүйегі жарақаты кезінде үш буын иммобилизациялану керек (жамбас, тізе, табан) және иық жарақатында да.

3. Аяқ-қолды иммобилизациялау үшін ортафизиологиялық жағдайға келтіру керек.

4. Транспорттық шиналарды киім, аяқ киім үстінен салу керек, оның мақсаты, біріншіден, шешіндіру кезінде қосымша травматизацияның алдын алу, екіншіден, киімді жұмсақ төсеніш ретінде пайдалану.

5. Тіндер қосымша зақымданбау үшін шина салынбастан бұрын дене контурына сай модельдену керек, аяқ-қол жұмсақ төсенішпен оралу керек, ал сүйектің шығыңқы жерлеріне дәкеден не матадан төсеніш салу керек. Шинаны салғаннан кейін модельдемейді, ол қосымша жарақат етуі мүмкін. Қолда бар материалдардың кемшілігі дене контурына сай модельденбеуі.

6. Шинаны тым тығыз орауға болмайды, себебі ол жұмсақ тіндердің қысылуына, соңынан ауыр ишемиялық бұзылыстарға әкелуі мүмкін.

7. Жабық жарақаттар кезінде ось деформациясын түзеу мақсатында шина салмастан бұрын аяқ-қолдың тракциясын жасау керек. Көп жағдайда бұл жарғақшалардың ығысуын азайтып, оның айналасындағы тіндерге, әсіресе теріге қысымын азайтады. Ашық сынықтар

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 55 беті

кезінде тракцияны жасауға болмайды, себебі онда сүйек жарғақшалары жұмсақ тіндер тереңдігіне еніп кетіп, жараны қосымша зақымдайды.

8. Қысқы уақытта иммобилизденген аяқ-қолды қосымша жылы орау керек.

Стандартты шиналар жоқ кезде иммобилизацияны қолда бар жабдықтармен жасайды (ағаш бұтақтары, картон, фанера т.б.). Егер тіпті олар болмаса, аутоиммобилизация жасайды, яғни жарақаттанған қолды дәкелі бинт не басқа матамен денеге әкеліп фиксациялайды, ал аяқты сау аяққа әкеліп фиксациялайды.

Сатылы шиналар (Крамер) жақсы модельденетіндіктен қажетті қалыпта фиксациялауға мүмкіндік береді. Олар әмбебапты, сондықтан сатылы шина көмегімен кез келген дерлік жарақаттарды фиксациялауға болады.

Сатылы шинаның бір кемшілігі оны қолдану алдында жұмсақ матамен орау керек, сымның терімен контактісін болдырмау үшін. Сонымен қатар жұмсақ мата үстінен клеенкамен қаптау керек, ол шинаны санитарлық өңдеу үшін ыңғайлы болып табылады.

Лубковые шины арзан, жеңіл, портативті, бірақ модельденбейді. Ол арқылы аяқ-қолды тек тура қалпында иммобилизациялауға мүмкін.

Торлы шиналар жіңішке сымнан бинт тәрізді қылып жасалған, олар аса берік емес, ұсақ сүйектердің иммобилизациясы үшін жарайды, мысалы, табан және білезік.

Дитерихс шиначы өзгешелігі жарақаттанған аяқты жақсы иммобилизациялап қана қоймай, сонымен қатар оны тартуға мүмкіндік береді. Бұндай шинаны салуға тікелей көрсеткіш сан сүйегінің, жамбас, тізе буындарының жарақаттары болып табылады. Ол шина ағаштан жасалған, оның төрт бөлігі бар: екі әр түрлі ұзындықты қозғалмалы планкалар, сыртқысы 171 см, ішкісі 146 см, ені 8 см және тақтайша табан және бауы бар таяқша тәрізді бұрауыш.

Ауалы (пневматикалық) шиналар сыртқы пішіні бойынша сырғытпасы бар қос қабатты жабуға ұқсайды. Сырғытпаны ашып, шина ішін газы бар арнайы баллоннан ауаға толтырады, ол жоқ болса, насос не ауыз арқылы ауаға толтырады. Шинаның кемшілігі тесіліп қалу қаупінде. Бірақ олар модельдеуге өте ыңғайлы, дегенмен, жұмсақ тіндерді қысып, олардың ишемиясын тудыруы мүмкін. Ашық жарақат кезінде ауалы шина қан кетуді жоғарлатуы мүмкін.

Вакуумды шиналар гранулалармен толтырылған. Оны қолданбас бұрын насос арқылы ішінен ауаны сорып алады. Осы принцип арқылы вакуумды зембілдер мен матрастар жасалған, оларды омыртқа және жамбас жарақаттарында қолданады.

Әр түрлі жарақаттар кезіндегі транспорттық иммобилизацияның негізгі әдістері.

Иық және жауырын жарақаттары кезінде Дезо, Вельпо, косынкалық таңғыштары арқылы фиксациялайды. Бұл кезде қолтық астына кішігірім валик салған жөн.

Иық сүйегі мен шынтақ буыны жарақатында иммобилизацияны сатылы шина арқылы сау білектен бастап білезік буынына дейін жасайды. Қолды функциональды ыңғайлы жағдайға келтіреді: шынтақ буынында 90° бүгу және білекті ортафизиологиялық қалыпта пронация мен супинация аралығында ұстау. Қол басы білезік буынында 45° жазылған. Шинаны қосымша денеге орамалдық таңғышпен фиксациялайды.

Білек жарақаты кезінде де сатылы шинаны қолданады, оны иықтың жоғарғы үштен бір бөлігінен білезік (пястно-фаланговых) буынына дейін салады. Функциональды ыңғайлы жағдай иық жарақатындағыдай болады. Білезік буыны не қол саусақтары жарақаттары кезінде сатылы шинадан басқа торлы шинаны қолдануға болады. Шинаны алақан

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 56 беті

беткейімен шынтақ буынынан саусақ ұштарына дейін салады, қол басы шамалы жазылған күйде, ал алақанға тығыз валик салады.

Сан және жамбас буыны жарақатында иммобилизация үшін Дитерихс шинасы қолданылады. Шинаны салмас бұрын аяқ киімді шешпейді. Алдымен табан тақтайшаны бинт арқылы аяққа фиксациялайды. Содан планканың қажет ұзындығын үлгілейді, ішкісі шап аймағынан, сыртқысы қолтық астынан және ол қаңқадан тарту үшін табаннан 12—15 см шығып тұру керек. Алынған ұзындықты ағаш не металл штырь арқылы белгіленеді. Алдымен ішкі планканы салады, дистальды ұшына тарту үшін бау өткізеді. Содан сыртқы планканы салады да, екеуін табан астында қосады. Енді планкаларды арнаулы ременьмен не дәкелі бинтпен денеге бестен кем емес нүктелерден фиксациялайды: кеуде қуысы аймағы, жамбас, санның жоғарғы үштен бір бөлігі, тізе буыны, балтырдың төменгі үштен бір бөлігі және де алдымен проксимальды аймақтарды бекітеді. Санның диафизі жарақатында жоғарғы үш нүктені, содан бұрау арқылы тартады да, дистальді нүктелерді бекіту арқылы аяқтайды. (сур. 6).

Егер Дитерихс шинасы жоқ болса, онда Крамер шиналарынан комбинация қолдануға болады, сол деңгей мен нүктелерді сақтай отырып, бірақ тарту жасалынбайды.

Балтыр сүйектері жарақатында, әсіресе, сатылы шиналардан комбинацияны қолданады. Сүйек жарғақшаларының қозғалғыштығы мен терінің перфорациясы қаупін ескере отырып, шинаны үш жақтан салады. Шина салмастан бұрын балтыр осін түзеу мақсатында сүйек тракциясын жасап алады. Содан алдымен артқы шинаны санның жоғарғы үштен бір бөлігінен бармақ ұштарына дейін, табанды балтыр осіне перпендикуляр ете отырып салады. Соңында сыртқы және іш жағынан сатылы шинамен иммобилизациялайды.

Сирақтабан буыны мен табан сүйектері жарақаттарында сатылы шина арқылы тізе буынынан (сирақ сүйегі басы) бастап, бармақ ұштарына дейін, табанды балтыр осіне тік бұрышта ұстай отырып салады.

Транспорттық иммобилизация құралы ретінде гипсті лонгеталы таңғыштарды да қолдануға болады. Гипс астына міндетті түрде мақта не дәкеден жұмсақ төсеніш салу керек. Гипсті транспорттық шиналардың бір жақсысы дене бітіміне сай үлгіленеді (бұл ұзақ уақыт тасымалдауда маңызды), кемшілігі-кебу үшін көп уақыт кетеді.

Бір жағынан науқасты тасымалдау, бір зембілден екіншісіне жатқызу т.б., оның жағдайын ауырлатады. Бірақ науқастар неғұрлым жылдам арнайы стационарға эвакуациялану керек, сондықтан тасымалдау барынша абайлап жүргізілу керек. Бұны бірнеше бағытта шешуге болады:

1. Адекватты жансыздандыру жасап, толық иммобилизация жасау.
 2. Тасымалдау барысында медицина қызметкері әрдайым науқас жанында болу керек және шокқа қарсы шараларды жалғастыру керек.
 3. Көліктің анағұрлым пайдалы, ыңғайлысын таңдау.
- Қазіргі кезде ондай көлік – ауалы көлік болып табылады. Санитарлық тікұшақтар қазіргі таңда тек алыс елді мекендерден ғана емес, қала ішінде де (автокөлік тұрыстары (пробки) көп уақыт кетіреді) өзін ақтауда. Қазір шу деңгейі азайтылған арнайы тік ұшақтар шығарылды.
4. Тасымалдау уақытының ұзақтығын азайту үшін эвакуация бағытын анықтап алу.

Екінші принцип - жансыздандыру

Жансыздандыру (анестезия) –

1. жергілікті – а) сынық орнының блокадасы (сур. 10.а),

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Кафедра Хирургия, онкология және травматология			044-71/ 11 ()	
Дәрістер кешені			1 беттің 57 беті	

- б) өткізгіш анестезия (жүйкенің блокадасы) (сур.10.г),
 - в) жұлынның блокадасы (эпидуральды, жұлындық анестезия)
2. жалпы (наркоз) – ингаляциялық емес -көктамыр ішілік,
- ингаляциялық – а) маскалық (маска көмегімен),
 - б) интубациялық

Стационар, травмпункт, поликлиникалардың арнайы бөлімшелерінде ТҚА-ның жекеленген жарақаттарында бір мезетті репозиция не қаңқадан тарту алдында жергілікті анестезия жасалады.

Кең таралған жергілікті анестетик — новокаин.Сынық орнының блокадасы үшін 2% (20,0 мл) не 1% (40,0-50,0 мл) новокаин ерітіндісі, ал жамбас ішілік, вагосимпатикалық, паранефральдық блокадаларда — 0,25 % новокаин ерітіндісі (300,0 — 400,0 мл).

Сыну аймағының блокадасы тамыр шоғырының проекциясынан тыс,сыну аймағына парафрактурлы гематомаға жасалынады(10.а.сурет).Новокаиннің дұрыс енгізілгенін дәлелдейтін белгісі поршеньді кері тартқан кезде шприцте қанның болуы.

Ашық сынулар кезінде А.В. Вишневский бойынша футлярлы анестезия қолданылады – сүйекке дейін барлық тіндер инфильтрациясымен 0,25% новокаин ерітіндісін жарақат алған жерден жоғары, бұлшықет футлярларына жіберу.Жамбас сүйектің сынуларында жамбас ішілік анестезия қолданылады.Школьников-Селиванов бойынша 0,25% новокаинмен 200-300 мл(10.в. сурет).Омыртқа денелерінің сынуында Шнек бойынша 1% 10 мл ерітіндімен анестезия қолданылады.

Қабырғалардың көптеген сынықтарында қабырғааралық нервтердің паравертебральды анестезиясы қолданылады,0,5% 10 мл новокаин ерітіндісін әрбір қабырғааралыққа.Қабырғалардың көптеген сынықтары мен гемоторакс кезінде паравертебральды анестезиямен қоса 0,25 %л новокаин ерітіндісімен Вишневский бойынша вагосимпатикалық блокада жасалынады.Артериялық қысым төмен болғанда (70-75 мм.сын. бағ.), анестезияны аса сақтықпен қолдану керек.Артериялық қысым 100 мм сын.бағ. жоғарлағанға дейін оны кейінгіге қалдырған жөн. Артериялық қысым төмен болғанда новокаин тамыр қозғалтқыш орталыққа тежеуші әсер етеді.

Жергілікті жансыздандыруға уақытша кері көрсеткіштер: гиповолемия, III –IV дәрежелі геморрагиялық және травматикалық шок,политравма болып табылады.

Новокаинды блокадаларды жасау асептика және антисептика ережелерін сақтауды талап етеді.Стерильді таңғыштау бөлмесіне сай жағдай болмаса(далада, үйде,жедел жәрдем көлігінде) сыну аймағына инені енгізу ауыр инфекциялық асқынуларға әкелуі мүмкін.Сондықтан да новокаинді блокадаларды жүргізуге көрсеткіштер сақтықпен қойылу керек, тек қана айқын ауырсыну синдромы кезінде және шоктың дамуының профилактикасы үшін абсолютті қажет болу.

Жалпы жансыздандыру мектепке дейінгі жастағы балаларда сынуды немесе буынның шығуын бір сәтті репозицияда қолданады.Ересек адамдарда, әсіресе ”ескі” буынның шығуын орнына салғанда жалпы жансыздандыру(көбінесе қысқа көктамыр ішілік наркоз) тиімді,себебі бұлшықеттердің посттравматикалықгипертонусы жақсышешіледі де, буынды орнына салу жеңіл және атравматикалық болады. Политравмамен науқастарда сынуларды бір сәтті репозициямен емдеген кезінде, себебі жергілікті жансыздандыру анестетиктің көп мөлшерін қажет етеді.Әсіресе бұл гиповолемия жағдайында және тұрқақсыз гемодинамикада(шок, қан жоғалту) қауіпті, резобтивті әсері мен қысымның вазодилатациясына байланысты.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 58 беті

Сонымен, сынықтар мен буынның шығуында жергілікті және жалпы жансыздандыру кең қолданылады.

4. Көрнекілік құрал:

5. Әдебиеттер:

6. Бақылау сұрақтары:

1. Анықтама
2. Мотивация, статистика
3. Классификациясы
4. Диагностикасы
5. Емдеу тактикасы.
6. Реабилитация

Дәріс 7

1. Тақырып: Омыртқаның жарақаты.

2. Мақсаты: Омыртқа жарақатымен таныстыру, мотивация беру, заманауи мүмкіншіліктер жайлы ақпарат беру

3. Дәрістің тезісі:

Омыртқа жотасының зақымдалуы тірек-қимыл аппаратының өте ауыр жарақаттарына жатады және скелеттің жалпы сынықтарының 0,4-0,5% құрайды. Омыртқа жотасы бір мүше тұра, сегментарлы құрылысты болады, сөйтіп 32-34 омыртқа, жеті мойын, 12 кеуде, 5 бел, 4-5 сегізкөз, 4-5 құйымшақ) тұрады. Омыртқа жотасының алдыңғы және артқы тірек комплексін ажыратады. Алдыңғы комплексі омыртқа денесінен, омыртқа аралық дискіден, және артқы ұзынша байламдардан тұрады. Бұлардың зақымдануы омыртқаның тұрақты жарақатына жатады. Артқы тірек комплексі омыртқа доғасынан, көлденең және қылқанды өсіндісі және осыларды байланыстырып тұратын байламдардан тұрады. Бұл комплекстің зақымдануы омыртқаның тұрақсыз жарақатына.

Омыртқа жотасы зақымдалуының механогенезі: Көбінесе ол тікелей емес жарақаттаушы әсерлерден болады, мысалы- жоғарыдан аяққа құлағанда омыртқа жотасының күрт бүгілуі, сүңгігенде түбіне баспен тиіп, мойын омыртқаларының күртілуі. Омыртқа жотасының күрт жазылуы сирек кездеседі. Тікелей механизм - ұру, қатты затпен басылып қалу - бұлар да сирек кездеседі. Осы көрсетілген жарақат механизмдері негізінде омыртқа жотасында мынадай өзгерістер болуы мүмкін - омыртқа денесінің сығылып сынуы, омыртқа денесінің алдыңғы жоғарғы не төменгі бұрышы сынуы, омыртқа денесінің сынып-шығуы. Омыртқа жарақатының жұлынды зақымдаусыз түрі 72%, жұлын зақымданатын түрі аз кездеседі. Омыртқа жарақаты неғұрлым жоғары болса, сол құрлым жұлын көбірек зақымдалады. Мойын бөлімінде бұндай зақымдану 44%, кеудеде - 33%, белде - 23%.

Омыртқа зақымдарының классификациясы:

I. Омыртқаның асқынбаған зақымдары.

1. Омыртқа денесінің сынуы мен шығуы.
омыртқа денесінің бұрышы сыну

QONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 59 беті

а) Тұрақты сыну: -сына тәрізді сығылып (омыртқа денесінің сыну аз болу)

- шашыранды сыну (взрывной перелом)

б) Тұрақсыз сыну: -омыртқаның шығуы мен сынып шығуы

-Сына тәрізді сығылып сыну (омыртқа денесінің көп бөлігі)

- Флексионды-ротациялы сыну

2. Омыртқаның сенильды сынуы (егде жастағы ж/е қарт кісілерде остеопороз салдарынан кездесетін сыну)

Омыртқаның көлденен өсінділерінің сынуы.

3. Омыртқалардың сүйір өсінділерінің сынуы.

5. Омыртқаның сүйір өсінділері арасындағы байламдардың зақымдары.

II. Омыртқаның асқынған зақымдары.

Петербургтың А.Л. Поленова атындағы зерттеу институтының нейрохирургия бөліміндегі ғылым мамандардың берген классификациясына сүйенсек, жарақат алған жұлынның зақымдалу сатысына қарай, қайтымды ж/е қайтымсыз өзгерістеріне байланысты науқастарды III топқа бөледі.

а) Бірінші топ - жұлынның соққа алғаннан кейінгі қайтымды функциональды өзгерісі (сотрясение спинного мозга)

б) Екінші топ - жұлынның соққа алуымен қатар сығылуы болған қайтымды және қайтымсыз өзгерістері.

в) Үшінші топ - жұлынның анатомиялық үзілуі немесе жұлынның жарақаттық гематоаиялық

Клиникалық симптоматикасы. Науқастың негізгі айтатын шағымдары жарақаттан кейін бірден пайда болған зақымдалған бөлімдегі ауру сезімі. Егер мойын бөлімі болса науқас мойынын бұра алмайды және мойынын бүге, жаза алмайды. Жарақат ауыр жағдайда жұлын да зақымдалса - тетралгия пайда болып кіші және үлкен деретке шығу бұзылады. Кеуде клеткасының дем алысы бұзылады, науқас ИВЛ-да болады. Жарақат түрін дұрыс анықтауда басты рольды мойын омыртқаларын 2 проекцияда рентгенография жасау атқарады. Егер 2 мойын омыртқасы зақымдалды, рентгенографияны науқастың аузын ашып түсіреді. Көбіне C_v - және C_vш омыртқалардың компрессиялы және жарқыншақты сынықтары кездеседі.

Рентгенологиялық тексерісте омыртқа денесінің деформациясын, омыртқааралық қуыс кейде тарылғанын басқа жағдайда ол дұрыс екенің көруге боладыкейде зақымдалған және одан жоғарғы омыртқаның қылқанды өсінділері арасы кеңіген түрін байқаймыз.

Айта кету керек, омыртқалар сынығы көбіне омыртқаның қозғалмалы бөлімі қозғалымсыз бөлімімен жалғасқан жерде көп кездеседі. Бұл жоғарғы бөлімінде 5-ші мойын омыртқадан 1-2-ші кеуде омыртқасына дейін болса, төменде 10-шы кеуде омыртқадан 3-ші бел омыртқаға дейін. Кеуде-бел бөлімінде көбіне бір немесе бірнеше омыртқаның сына тәрізді денесі сығылуы, яғни компрессиялы сынығы кездеседі. Көбіне бір омыртқаның денесінің сығымдалып сынуы болады, ал ол 2-3 омыртқада сирек кездеседі. Биіктен құлаған науқастарды зерттегенде бұнда тіркес зақымдану болатының естен шығармау керек - табан сүйектерінің сынығы + омыртқаның денесі, жамбас сүйектері сынығы + омыртқа денесі, паренхиматозды немесе қуыс мүшелердің жарылуы + омыртқа денесі, бас ми зақымдалуы, кеуде, аяқ -

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 60 беті

қолдың сүйектерінің сынығы + омыртқа денесі. Бұндай науқастар көбіне өмді клиникасы анық патологияға қабылдап, ал омыртқа сынығы қалып кетеді.

Кеуде және бел бөліміндегі сынықтарды анықтауда дұрыс жиналған анамнездің үлкен маңызы бар. Көбіне науқас зақымдалған омыртқа тұсындағы ауыруға шағымданады, әсіресе бұрылып, алға не артқа бүгілгенде. Көбіне бір қылқанда өсіндінің шығынқы тұрғаны анықталады, бұл зақымдалған орыннан жоғарғы тұрған омыртқаға сәйкес келеді. Төменгі-кеуде және жоғарғы - бел омыртқалары тұсында көзге байқалатын кифоз деформациясы болуы 2 омыртқа сынғанда болуы мүмкін.

Емдеу түрлері:

- а) консервативті
- б) оперативті

I. Омыртқа жүйесінің көптеген зақымдануларын консервативті әдістермен емдейді. Оған негізгі көрсеткіш омыртқа денесінің тұрақты сынықтары. Көп таралған методтары: бір моментті репозиция, кейіннен корсет қою арқылы функциональды метод және біртіндеп репозиция жасау, кейін корсет қою арқылы. Компрессиялы сынықты бір моментті репозиция жасау арқылы емдеуді тәжірибесі көп травматолог жасауы керек, көбіне бұл процедура төменгі кеуде және бел омыртқалары сынықтарында жасалады. Алдың бөлігі сынған омыртқаға 1%-10,0мл,новокаинмен анестезия жасалып содан кейін репозиция әртүрлі биіктіктегі столда (Уотсон-Джон Белер әдісі) немесе универсальды ортопедиялық столда жасалады. Репозициядан кейін жазушы корсет салынады. Корсетпен репозициядан кейін 3 аптадан кейін жүруге рұқсат етіледі. Корсетті 4-6 айдан кейін шешеді.

Функциональды әдіс омыртқа денесінің аз мөлшердегі жарақаттану компрессиясында қолданылады. Бұл методтың негізін қалаушы В.В. Гориневская, Е.Ф. Древинг (1932), В.Д. Чаклин, З.Б. Базилевская (1962, 1968). Бұл әдісті жоғарғы-ортанғы кеуде омыртқалары денесі сынығында қолданған дұрыс. Емдік гимнастикалық жаттығулар 4 периодты комплексінен тұрады.

I период-2 және 10 тәулік аралығы. Жалпы клиникалық түрдегі жаттығуларды тағайындайды.

II-период (10-20 тәуліктер аралығы). Бұл кезде арқа еттеріне арналған жаттығулар қосылады (жамбас пен кеудені, шынтақ пен иықта көтеру). Бұнда науқас бас жағы көтерілген және қолтық астынан жоғары тартылған, бел бөлімін физиологиялық лордоз астына валик қойылған төсекте жатқызу мүмкін.

III-период (20-60 күн аралығы) көбіне арқа және іш еттерінің прессін нығайтып, жотасын жазуға негізделген.

IV периодта (60-80 күн аралығы) науқас жүруге үйреніп бұнда сымбатты дұрыс сақтау керек. Бұл метод науқастарды көрсетсіз емдеуге жағдай жасайды. Еңбекке алты айдан кейін қалыпқа келеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 61 беті

Біртіндеп репозиция жасау методы-бұнда омыртқаны жазуды біртіндеп,этап бойынша көбейтуді 1-2 аптада жасау керек, кейін экстензиялы корсет салынады.Біртіндеп репозиция жасауда жалпақ валиктерді бел бөлімінің астына салады.

Каплан бойынша реклиниациялаушы аппаратының гипстік корсет салынады.

II. Оперативті емдеу түрлері:

а) Юмашев - Силин әдісі бойынша омыртқаны артқы жағынан фиксациялау.

б) Дискэктомия және алдыңғы спондилодез немесе зақымдалған омыртқа денесіндегі шығыңқы тұрған сынық бөлшегін резекциялау және бос орынды транспланатпен толықтыру.

4. Көрнекілік құрал:

5. Әдебиеттер тізімі:

Электронды ресурстар:

6. Бақылау сұрақтары:

1. Омыртқа жарақаттарына жалпы сипаттама беру
- 2.Зерттеу және диагностикалаудың заманауи әдістері.
3. Компрессионды сынықтар кезінде консервативті және оперативті емге көрсетілімдер
- 4.Балаларда емдеу тактикасының ерекшеліктері
- 5.Омыртқаның артқы элементтерін емдеудегі ерекшеліктері мен қауіптілігі

Дәріс 8

1. Тақырып: Жамбас сан буынының туа біткен шығуы. Клиникасы. Диагностика және емі.

2. Мақсаты: Сан сүйегі ұршық басының туа біткен шығуы деп сан сүйегінің буын басының, ұршық ойығының жамбас-сан буынын құрайтын тіндердің жетілмеуінің немесе дұрыс дамымауының салдарынан болатын буын шығуын айтады.Статистика деректері бойынша бұл патология 1000 нәрестеге шаққанда 24-інде кездеседі.

3. Дәрістің тезісі:

Ғылыми деректер бойынша, туа біткен сан сүйегі ұршығының шығуына көптеген факторлар әсер етеді. Оларға: тұқымқуалаушылы, улы заттармен улану, радиацияның әсері, аяғы ауыр аналардың анемиясы, токсикозы, авитаминозы, грипп және басқа да инфекциялық аурулар, сондықтан мұндай туа біткен ақауды полиэтиологиялық деп есептейді.

Аталған зиянды әсерлердің салдарынан жамбас-сан буыны тіндерінің жатыр ішіндегі дамуы бұзылып, ұршық ойығы кішірейіп, таязданып, сан сүйегінің буын басы алдыға қарай бұрылып (антеторсия), оның сүйектенуі кешігіп, буын капсуласы, бұлшықет, байламдар жетілмейді. Аталған тіндердің тіндердің дұрыс дамымауы салдарынан ұршық ойығы мен сан сүйегінің буын басы тиісті түрде бір-біріне сәйкес келмей, одан әрі барлық буын тіндерінің дамуына кері әсерін тигізіп, жамбас-сан буынының шығуына алып келеді. Бала аяғына тұрып, жүргенге дейін туа біткен сан сүйегі буын басының шығуының бар-жоғын анықтау қиынға түседі. Дегенмен кейбір клиникалық көріністері бұл ақаудың бар болу мүмкіндігін көрсетеді.осындай клиникалық көріністерге: Жамбас-сан буынында

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		
Дәрістер кешені		044-71/ 11 () 1 беттің 62 беті

90°С-қа бүгілген санды сыртқа қарай әкеткенде, сан сүйегінің буын басы ұршық ойығына түсіп, ішке қарай алып келгенде, орнынан шығуы салдарынан сықыр естіледі. Бұл көрініс – «сырт ету» симптомы («шерту» симптомы немесе Маркс-Ортолани белгісі) деп аталып, нәрестелерде 7-10 күнге дейін анықталады. Сан-бөксе тері қатпарларының ассиметриясы. Арқасында жатқан баланың аяқтарын жазғанда, екі санындағы тері қатпарларының саны, орналасу деңгейі әр түрлі болады. Шыққан буын жағында тері қатпарларының саны көбірек болады.

Шыққан аяқтың қысқаруы. Арқасында жатқан баланың аяқтарын жамбас-сан және тізе буындарында бүгіп, табандары төсекке тиіп тұрған сәтте салыстырса, сау аяғының тізесінің жоғары тұратындығы анықталады. Шыққан аяқтың сыртқа қарай бұрылуы. Баланың аяқтарын созып салыстырғанда, ақауы бар жақтағы аяғының сыртқа қарай бұрылып жатқандығы көрінеді. «Көтеріліп-төмендеу» – Дюпюитрен белгісі. Арқасымен жатқан баланың ақауы бар аяғын тізе буынынан ұстап төмен тартса немесе жоғары қарай итерсе, сан сүйегінің жоғары немесе төмен жылжуы байқалады.

Ұршық буынын құрайтын негізгі компоненттер: буын шұңқыры, ұршық басы, лимбус, буын қабы, буын байламдары және қантамырлар (1-ші сурет). Осы компоненттердің біреуі немесе бірнешеуі дұрыс дамымай, өзгеріске ұшыраған болса, оны дисплазия дейміз. Дисплазия уақтылы анықталмаған және уақтылы ем қабылдамаған жағдайда баланың ұршығы буынынан тайып кетуіне әкеліп соқтырады. Ал кейбір жағдайларда ұршығы буын шұңқырынан туа алшақ орналасқан болады. Сондықтан уақтылы, дұрыс рентгендік диагностика жасау өте маңызды болып табылады.

Балалардың ұршық буынын рентген әдісімен зерттеу жасау үшін алдын ала дайындық қажет емес. Баланы рентген столына шалқасынан толық жатқызып, жамбас сүйегі мен ұршық буындары симметриялы болуын қадағалап, сонымен қатар сәл де болса баланы мүмкіндігінше қимылдатпай жатқызу керек. Егер бұл шарттар бұзылса, рентген суретке дұрыс сипаттама беруге, нақты диагноз қоюға және қорытынды жасауға кедергі келтіреді. Дұрыс жасалынған рентген суретте жапқыш тесік, шонданай сүйегі және шат сүйегі көлемі мен пішіні екі жақта да симметриялы болып келеді.

Осындай дұрыс түсірілген рентген суретке сипаттама беру үшін алдымен ұршық буынының рентген анатомиясына тоқталған жөн. Жамбас сүйегі үш түрлі сүйектен құралған: мықын, шонданай, шат. Осы үш сүйек бір-бірімен жамбастың буын шұңқырында түйіліседі. Жас балаларда



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 63 беті

осы түйісетін жер әлі сүйектенбегендіктен рентген суретте ағарып тұрады, бұны «У» тәрізді шеміршек дейміз. Мықын сүйегінде буынның жоғарғы қыры сәл бұлтырып тұрады. Ол баланың жасына байланысты, жасы өскен сайын ол өте анықталып, сүйірленіп өседі (2-ші сурет). Ортан жіліктің басы жаңа туған нәрестеде қалыпты жағдайда мүлдем көрінбейді. Жасы өсе келе сүйектену нүктесі пайда бола бастағаннан бастап, рентген суретте байқалады. Бұл үрдіс ұлдар мен қыздарда екі түрлі жүреді. Қыздарда сүйектену нүктесі 3-4 айлығында көріне бастаса, ұлдарда бір ай кеш көрінеді. Егер қандай да бір ақау болатын болса, ортан жілік басының сүйектену нүктесі пайда болуы кешеуілдейді. Бір жасқа дейінгі балалардың рентген суретін сараптау өте мұқияттылықты қажет етеді. Себебі, ақау неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым ем нәтижесі оң болады.


Жамбас буынының рентген суретін дұрыс сараптау үшін ең маңызды деген бірнеше авторлардың сызықтарын ұсыну жөн. Алдымен Хильгенрейнер сызығын сызамыз. Қалыпты жағдайда осы сызықтан ортан жіліктің басы жоғары шықпауы тиіс. Ол жоғарыда айтылған екі «У» тәрізді шеміршектен немесе буын шұңқырының түбінен жүргізіледі. Енді осы сызыққа буынның жоғарғы қырынан «У» тәрізді шеміршекке қарай қиғаш сызық жүріледі. Түзілген бұрышты ацетабулярлы индекс дейміз (3-ші сурет). Ол жаңа туған нәрестеде 26°-30° болады да, бала өскен сайын бұл градус кішірейіп отырады. Бұны мына кесте арқылы бақылауға болады.

Баланың жасы	Градус
1 ай	26,7°
1,5 ай	25°
2 ай	24,7°
2,5 ай	24°
3 ай	23,3°
4 ай	22,6°
5 ай	21,3°
6 ай	21,2°
7 ай	19°
8 ай	18°
9 ай	18°
10 ай	17,5°
1 жыл	17°

Біз бұл арқылы ұршық буынының шыққандығын біле алмаймыз. Тек ұршық буынының жоғарғы қыры тайқылғанғанын ғана білеміз. Ацетабулярлы индекс жасына сай емес қатты тайқылған болса, онда бала өсе келе аяғын тірегенде ортан жіліктің басын тірейтін сүйектің жоқ екендігін көрсетеді. Ортан жілік басының орнынан таяуын келесі бір сызықтармен анықтауға болады. Ол Омбридан Паркенс сызығы. Ол буын шұңқырының жоғарғы қырынан немесе лимбус тұратын мықын сүйегінің төмпешігінен төмен қарай Хильгенрейнер сызығына 90° пен түседі де ортан жіліктің диафизінің ортасынан өтеді. Сол кезде ортан жіліктің басы Омбридан Паркенс сызығынан ішке, Хильгенрейнер сызығынан төмен орналасу қажет. Егер Омбридан Паркенс сызығы ортан жіліктің

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 64 беті

басының тең жартысынан сызылса, онда шығу алды жағдайы, ал жартысынан асып кетсе






ұршық шыққан деуге болады (4- сурет).

Келесі сызық Шентон сызығы. Ол ортан жілік мойнының төменгі қырындағы доғалмен өтіп, жапқыш тесіктің жоғарғы қырымен бір деңгейде үзілмеген жарты доға жасау керек. Егер сызықта үзік болса және ол үзік қаншалықты бір-бірінен алшақтаса, сол мөлшерде аяғы қысқа болады. Ол - ұршық басының орнында емес екенінің белгісі (5-сурет).

Кельве сызығы: мықын сүйегінің және ортан жілік мойнының сыртқы қырымен жартылай доға жасалынады. Бұл сызық ақау кезінде үзік болады 5-ші сурет. Осы белгілердің жиынтығы қатесіз диагностика жасауға көмектеседі. Жоғарыда айтылған мәліметтердің нақтылығын дәлелдеу үшін бір жас және екі айлықтағы балалардың жамбас-сан буынының рентгендік суреттері мысалға алынды. Бір жасар баланың ұршық буынының рентгендік зерттеу нәтижесі: оң жақ ұршық буыны сау, сол жағында туа біткен ұшық шығуы бар (7 - сурет). 8- суретте екі айлық баланың ұршық буынының рентгендік зерттеу нәтижесі: екі жақты туа біткен ұршық шығуы бар. 6-суретте сызба нұсқасы.

Сонымен, жоғарыда айтылған сызықтар ұршықтың туа сипатталған рентгендік белгілер көмегімен оңай әрі нақты, біткен ақауларын ерте анықтау үшін ең маңыздылары. Осы дер кезінде диагноз қоюға болады. Ұрпағымыз ақсамасын, рентгендік белгілерді толықтаратын басқа да сызықтар бар, дерті уақтылы тоқтатылсын.

да



Консервативті

ем.

Негізі тізе мен жамбас-сан буынын бүгіп, біртіндеп санды алшақтау арқылы ұршық ойығын сан сүйегінің буын басымен тура сәйкестендіріп, олардың кіндіктерінің бір

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 66 беті

нүктеде болуын, буында қимылды сақтап, ұршық ойығымен сан сүйек буын басының толық жетілуіне дейін ұстау болып табылады. Дисплазиясы бар сәбиді 1 айға дейін аяқтарын бос қойып, екі санын мүмкіндігінше жанына қарай талтайтып жатқызу қажет. Емдеу мерзімі 3-6 айға созылады. Әрбір 3 ай сайын рентгенография, УЗИ жасалады. 1 айдан 1 жасқа дейін, туа біткен сан сүйегінің шығуы, немесе жартылай шығуы анықталған балаларға Виленский, ЦИТО, Павлик үзеңгісі; Фрейк жастықшасы, емдік дене шынықтыру массаж қолданылады.

Шина салғаннан кейін 3-4 апта арасында сан сүйегінің буын басы ұршық ойығына түсіп, олар бір-біріне сәйкес орналасқан кезден бастап емдік дене шынықтыру, массаж, физиоэмшаралар тағайындалады. Егерде сан сүйегінің басы екі ай ішінде орнына түспесе, онда қайталап ауыстыратын гипсті таңғыш салынады. Атаған таңғыш 5-6 айдан кейін алынып, баланың аяғын Лоренц 3 жағдайында ұстайтын Виленский шинасы 3 айға салынады.

Көптеген жағдайларда сан сүйегінің буын басын орнына түсіріп Лоренц 1 тәсілі бойынша екі аяғын жамбас-сан буында бүгіп, көлденең жазықтықта 90° дейін жазылған жағдайда гипстен таңғыш салып емдеу ең қарапайым тәсіл болып отыр Лоренц 2 - емдеу барысында 3 айдан кейін аяқты жамбас-сан және тізе буындарында 130-140° бүгіп, көлденең жазықтыққа дейін жазылған жағдайда гипстен таңғыш-салынады. Лоренц 3 жағдайында- тағы 3 ай өткеннен соң аяқ жамбас сан, тізе буындарында толық жазылып, аяқтарының арасы сыртқа талтайа әкетіліп - Виленский шинасы салынады. Әдеби деректер бойынша клиникалық бақылауларға қарақанда Лоренц әдісімен емдеу барысында жамбас-сан буынының контрактурасы, сан сүйегінің басының асептикалық некрозы туындайтындығы анықталады. Аталған асқынуларды болдырмау үшін Лоренц 1 әдісін қолданарда жамбас сан буынының әкелуші бұлшық ет сіңірлеріне тері астылық тенотомия орындап, Шеде бойынша лейкопластырмен баланың аяғын сыртқа қарай жазып, жоғары қарай тартып 7-10 күнге ұстау қажет және 1 айдан кейін баланың гипстік таңғышының алдыңғы бетін алып тастап баланы күніне бірнеше рет отырғызып жамбас-сан буынындағы қозғалысқа мүмкіндік беру қажет.

Негізгі операциялар түрлері:

- КОЛОН;
- СОЛТЕР;
- ХИАРИ (ұршықүстілік остеотомия).

4.Көрнекілік құралдар:

5. Әдебиеттер:

7. Бақылау сұрақтары:

1. Жамбас сан буының туа біткен шығуының этиопатогенезі;
- 2.Классификациясы;
- 3.клиникасы;
4. емі.

Дәріс 9

1. Тақырып: Маймақтық.Туа біткен қисық мойын. Кеуде құысының туа біткен кемістіктері. Клиника жиагностикасы. Консервативті және оперативті емі.

2. Мақсаты: Туа біткен кемістіктермен таныстыру,диагностикасы емімен таныстыру.

3. Дәрістің тезисы:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра Хирургия, онкология және травматология		044-71/ 11 ()
Дәрістер кешені		1 беттің 67 беті

Маймақтық деп туа біткен аяқ буындарының қисаюы мен қатаюын (контрактурасын) атайды. Басты белгілері: эквинус (аяқтың табанға қарай бүгілуі); супинация (аяқтың ішке қарай бұрылуы), аддукция (табанның алдыңғы жағының ішке қарай қисаюы), жүргеннен кейін балтырдың ішке қарай айналуы болып табылады.

